



«КЕЛЕШЕК» ЖҮЙЕСІ

жоғары білімді қолжетімді етуге мүмкіндік береді

2

САЯСАТ



БЕРЛИН САММИТИ:

державалар бәсекесі қай салаларда байқалады?

3

ТАРИХИ ТАНЫМ



БАЙҚОҢЫРҒА БАСПАЛДАҚ

Жұбан Молдағалиевтан басталды

9

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №117 (6410) 3 қазан, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛДІК

қалпына келтіріледі



Заңсыз иемденілген активтерді қайтару мәселесі жөнінде кеңес өтті

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен кеңеске Премьер-министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектенов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу және Бас прокуратураның басшылығы қатысты.

Мемлекет басшысына кеңестің күн тәртібіндегі мәселе бойынша қабылданып жатқан шаралар мен бұған дейін берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік әділдікті қалпына келтіруге және мемлекетке қайтарылған активтерді елімізді дамыту үшін пайдалануға бағытталған бұл жұмыстың маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысы осы іске жұмылдырылған барлық мемлекеттік құрылымдардың жұмысын жандандыру қажет екенін айтты. Жиын соңында Президент бірқатар нақты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: www.akorda.kz).

МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМА

ҚАРИЯЛАР – ЕЛ ҚАЗЫНАСЫ

Алматыда қарттар айлығы қалай аталып өтеді?

Алматыда Халықаралық қарттар күнін мерекелеу аясында Қарттар айлығы өтеді. 3 қазан күні сағат 15.00-де Абылай хан көшесі, 83 (Қазақконцерт ғимараты) мекенжайы бойынша зейнеткерлерге арналған «Белсенді қариялар – қоғам қазынасы!» мерекелік концерт болады.

Бағдарламада хор және би ұжымдарының, домбыра оркестрінің, спорттық көрсетілімдердің, жеке нөмірлердің қойылымдары бар. Сонымен қатар, шығармашылық жұмыстар мен колөнер көрмесі ұйымдастырылады.

2023 жылы 6 қазанда сағат 13.00-де Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағының жанында, Гоголь көшесі, 40 мекенжайында орналасқан «Жұлдыз» мейрамханасында ардагерлермен кездесу ұйымдастырады. Концерт пен сыйлықтар табыстау жоспарланған.

Бұған қоса, «Алматы қаласының белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы КММ қазан айы бойы: 2–31 қазан – «Шебер-



лер» сәндік-қолданбалы шығармашылық көрмесін (ОАА фойесі); 11 қазан – «Агрокраудсорсинг» жобасы бойынша «Егін мерекесі» (Алматы облысы, Ават кенті); апта сайын – экскурсиялар, музейлер аралау ұйымдастырады; 24 қазан – скан-

динавиялық жүріс фестивалі. Әрбір іс-шарада ең белсенді, талантты зейнеткерлер, шығармашылық ұжымдар мен спорттық командалар анықталады. Грамоталар мен бағалы сыйлықтар табыс етіле отырып, наградалар беріледі.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

4

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

3.10.2023

Түнде:

+8+10 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:

+16+18 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

4.10.2023

Түнде:

+10+12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+20+22 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Президент тапсырмасы:

ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНА

Елімізде жеке инвестиция тарту арқылы
20 жаңа көпбейінді аурухана салу жоспарланып отыр

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің кезекті отырысында Қазақстанның денсаулық сақтау саласын одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Іс-шараға Ұлыбританияның Қазақстан Республикасындағы Елшісі Кэти Лич, Канада Елшісі Алан Хэмсон, АҚШ Елшісі Дэниел Розенблюм, Дүниежүзілік банк пен Ситибанктің Қазақстан бойынша өкілдері, Ernst & Young, AstraZeneca, Janssen және Pfizer компанияларының өкілдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарының басшылары қатысты.

Жиынға қатысушылар заманауи медициналық технологияларды енгізу, денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғырту, білікті мамандар даярлау, фармацевтика саласын дамыту, халықтың инновациялық дәрі-дәрмектерге қолжетімділігін арттыру, шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету және басқа да бірқатар мәселені жан-жақты талқылады.

Премьер-министр соңғы жылдары Қазақстанда денсаулық сақтау саласында ауқымды реформа жүргізіліп жатқанын атап өтті. Атап айтқанда, Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі құрылды, міндетті медициналық сақтандыру енгізілді, телемедицина дамып келеді, құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектер сатып алу процесі жақсарды, дәрігерлердің жалақысы едәуір артты.

Жалпы, елімізде 2027 жылға қарай медицина саласын қаржыландыру деңгейін ЖІӨ-нің



5%-ына дейін жеткізе отырып, аталған саланы дамытудың тұрақты моделін құру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Осыған орай Үкімет инвестициялар мен озық технологиялар тартуға мүдделі.

Үкімет басшысы қабылданып жатқан шаралар саланың инвестициялық тартымдылығына оң әсерін тигізетінін айтты. Мәселен, өткен жылдың қорытындысына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі шамамен \$540 млн-ды құрап, 30%-ға өскен. Сонымен қатар, соңғы 7 жылда фармацевтика нарығының көлемі 2,9 есеге артқан. Медицина инфрақұрылымын жақсарту бойынша кешенді шаралар қабылданып келеді.

ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша жеке инвестициялар тарту арқылы 20 заманауи көпбейінді аурухана салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 655 алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету нысаны пайдалануға беріліп, 32 көпбейінді аудандық аурухана жаңғыртылады.

Премьер-министр Үкімет мемлекеттік қолдау шараларының пакеттерін ұсына отырып, фармацевтикалық индустрияның әлемдік ірі өкілдерімен де белсенді іскерлік байланыстарды арттыратынын атап өтті. Осылайша Pfizer компаниясымен Дәрі-дәрмек өндірісін локализациялау бойынша инвестициялық келісім жасау жоспарланып отыр. AstraZeneca компаниясымен инвестиция көлемі \$32 млн болатын бірегей дәрілік заттардың келісім-шарттық өндірісін құру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Сонымен бірге, ҚР Президентінің АҚШ-қа сапары барысында GE Healthcare компаниясымен құны \$60 млн болатын медициналық техника өндірісін локализациялау жөніндегі негіздемелік келісімге қол қойылды. Сондай-ақ, Roche компаниясымен \$2,5 млн сомаға бірқатар жоба пайдаланып жатыр. Оңтүстік Корея, Түркия, Египет және Израиль инвесторларымен келісім-шарттық өндіріс жобалары жүзеге асырылуда. Дәрілік заттарға сұраныстың артуы аясында денсаулық сақтау саласының, оның ішінде фармацевтика өнеркәсібінің даму әлеуеті өте зор.

ЖОЛДАУ – 2023

«КЕЛЕШЕК» ЖҮЙЕСІ

жоғары білімді қолжетімді етуге мүмкіндік береді

Үкіметте Мемлекет басшысының Сайлауалды бағдарламасы мен Жолдауын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті. Онда «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу жөніндегі шаралар қаралды.

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен алқалы жиында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бала туу көрсеткішінің көбеюіне байланысты болашақта білім беру жүйесіне түсетін жүктеменің едәуір артағанын атап өтті.

Бүгінгі таңда мемлекеттік білім беру тапсырысы мектеп түлектерінің 40%-дан астамын гранттармен қамтуға мүмкіндік береді. Алайда, қолданыстағы тәсілдер сақталса, 2040 жылға қарай бұл көрсеткіш шамамен 15%-ға дейін қысқарады. Бұл ретте Министрлік 2020 жылдан бастап жыл сайын гранттар санын орта есеппен 10%-ға ұлғайтады.

Осыған байланысты Мемлекет басшысының Жолдауын орындау аясында азаматтарға жоғары білімді қолжетімді етудің қосымша тетігі ретінде қолданыстағы қолдау шараларын біріктіретін «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін әзірлеу басталды.

Аталған жүйе шеңберінде балаға арнайы шот ашуға болады, оған мемлекет 60 АЕК мөлшерінде

(5 жастағы балаларға) білім алуға бастапқы капитал салады. Бұдан әрі оған ата-аналардың ерікті жарналары, 5–7% мөлшерінде жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс есебінен қаражат жинақталады. Осылайша айына 1 АЕК (3450 теңге) мөлшеріндегі ең төменгі жарна салынып отырса, бала 18 жасқа толғанда шотында 3,3 млн теңгеден астам қаражат жиналмақ. Тиісінше, ата-аналардың ерікті жарналары, мысалы, айына 3 АЕК-ке дейін көбейсе, 7 млн теңгеден астам қаражат жинақтау мүмкіндігі болады.

Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаудың қосымша шаралары көзделді, әсіресе, өзгерістер жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қатысты болады. Сондай-ақ, ақшаның құнсыздануынан қорғау құралдары қарастырылған. Оған қоса, Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» бастамасы аясында қаражат жинақталатын болады, бұл кейіннен қаражатты бір жерге шоғырландыруға, таңдаған ЖОО-ға

оқу ақысын төлеуге мүмкіндік береді.

Оқушылар ҰБТ тапсыру қорытындысы бойынша үміткер бола алатын мемлекеттік білім беру гранттарын бекіту жүйесі сақталатыны атап өтілді. «Келешек» жүйесі азаматтарды қолдаудың қосымша тетігі болмақ. Бұл ретте талапкер грантка түскен жағдайда, шотында жинақталған қаражатты тұрғын үй сатып алуға жұмсай алады.

Министр жүйені құру аясында барлық жинақтау процесін цифрландыру, толығымен ашықтықты қамтамасыз ету және тиісті модульді екінші деңгейдегі банктердің қосымшаларына интеграциялау көзделіп отырғанын атап өтті.

Премьер-министр «Келешек» ерікті жинақтау жүйесін енгізу мәселесі қазақстандық отбасылардың барлығына қатысты екенін атап өтті. «Онда мемлекеттен берілетін бастапқы капитал, ата-аналардың ерікті салымдары, инвестициялық кіріс және мемлекеттік сыйақы қарастырылған. Осылайша жеңілдетілген білім беру несие-лерінің интеграциясын ескере отырып, «Келешек» бірыңғай ортақ жинақтау жүйесінде мемлекеттік қолдау шаралары шоғырландырылатын болады. Оқуға түскеніне жинақталған қаражат жоғары білімді неғұрлым қолжетімді етуге мүмкіндік береді», – деді Әлихан Смайылов.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Германия Федеративтік Республикасына ресми сапары жаһандық, көп векторлы, екі жақты маңызды әрі мазмұнды кездесулер мен алқалы жиындарға толы болды.

«С5 + Германия» диалогы:

ПРЕЗИДЕНТ НЕ ДЕДІ?

Бұл өзара сенім мен ортақ мүдде үйлескен, жаңа мүмкіндіктер ашылған жылы жүздесулерде екі жақты тиімді бастамалар, ұсыныстар мен ұсынымдар айтылып, ынтымақтастықты жан-жақты дамытудың басым бағыттары егжей-тегжейлі қаралып, талқыға түсті. Сонымен, Президент не деді?

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК оны одан әрі дамытудың перспективасы зор

- Сауда-экономикалық кооперацияны кеңейту – басты міндет. Қазақстан ГФР-ға жалпы сомасы 850 миллион доллар болатын қосымша 100 шикізаттық емес тауар түрі бойынша экспортты ұлғайтуға дайын.
- Сауда шарттарын жеңілдету жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін салалық ведомстволардың басшылары деңгейінде бірлескен жұмыс тобын құру.
- Бейбітшілік пен ынтымақтастықтың өзара тиімді формуласын табу үшін сындарлы дипломатияның уақыты келді.
- Ауыл шаруашылығы – келесі басым бағыт. Мемлекет басшысы германиялық серіктестердің қолдауымен Қазақстанда Орнықты егіншіліктің аймақтық орталығын құруды ұсынды. Оның айтуынша, аталған Орталық теориялық әзірлемелер бойынша тәжірибе алмасуға, сондай-ақ оларды қолданысқа енгізуге және коммерцияландыруға септігін тигізбек.
- Инвестициялық серіктестікті одан әрі дамытудың перспективасы зор. Аймаққа Германияның ірі банктерін тарту инвестициялық ынтымақтастыққа тың серпін береді.
- Көлік-транзит саласында тиімді ықпалдастық орнату қажет. Мемлекет басшысы германиялық серіктестерді Транскаспий бағдары мен Каспий теңізі порттарын дамытуға, сондай-ақ бірлескен кеме өндірісін қолға алуға және логистикалық орталықтар ашу ісіне белсенді атсалысуға шақырды.
- Қазақстан кәсіпорындары әлемдік нарықтағы титан мен басқа да материалдарға деген тапшылықтың орнын толтыруға әзір.
- Экология саласы мен «жасыл» экономиканы дамыту – ықпалдастықтың маңызды бағыты.
- Қасым-Жомарт Тоқаев терроризм, діни экстремизм, есірткі тасымалы, трансұлттық қылмыс сияқты Орталық Азия аймағы үшін аса қауіпті сын-қатерлерге назар аударды. Бұл ретте Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі аймақтық орталығын ашу маңызды.
- Қазақстан Орталық Азияның басқа мемлекеттері сияқты, Еуропа Одағына қажетті аса маңызды металдар мен минералдардың орасан зор қорына ие. Оларды бірлесіп өндіруде ғана емес, қайта өңдеу ісінде де бұл бағыттың перспективасы зор.
- Қазақстан аймақтық климат мәселесін ілгерілетуге жан-жақты атсалысуға дайын. Президент неміс серіктестерімізді 2026 жылы БҰҰ аясында Қазақстанда өтетін Аймақтық климаттық саммитке қатысуға шақырды.
- Президент Германия тарапын Транскаспий бағытының әлеуетін пайдалануға, сондай-ақ Каспийдегі Ақтау және Құрық порттарының инфрақұрылымын дамыту ісіне қатысуға шақырды.
- Мемлекет басшысы неміс тарапын жаңартылатын энергия көздерін, соның ішінде «жасыл» сутегін дамыту үшін анағұрлым тығыз қарым-қатынас орнатуға үнеді. Неміс әріптестерінің назарын Қазақстан азаматтарына қатысты виза режимін жеңілдету мүмкіндіктеріне аударды.
- Энергетика саласындағы кооперацияны дамыту – басты басымдықтардың бірі.
- Қазақстан мен Германияның бәсекелестіктегі артықшылықтарын «шикізат, өнеркәсіп және технология» формуласына сай үйлестіру екі тарап үшін синергетикалық тұрғыда айтарлықтай тиімді болмақ.
- Шикізатты игеру жөніндегі бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін консорциум құру.
- Транскаспий халықаралық көлік бағдары немесе «Орта дәліз» аймақтағы сауда мен инвестиция үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл бағыт қазіргі қолданыстағы теңіз жолдарымен тасымалданатын тауарлардың транзиттік уақытын екі есе қысқартады.
- Қазақстан, ең алдымен, Германия және Еуропа өнеркәсібіне қажетті табиғи ресурстар мен маңызды шикізат саласында сенімді серіктес болуға дайын.
- Ынтымақтастықтың тағы бір басым бағыты – IT технология саласы. Адами капиталды дамыту және инвестиция тарту мәселесі ынтымақтастықтың өзекті бағыттарының бірі.
- Қасым-Жомарт Тоқаев Германия бизнесмендерін Қазақстан экономикасын әртараптандыруға, жаңа өндіріс орындарын ашуға және озық неміс технологияларын енгізуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысуға шақырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» газетіміздің өткен санында хабарлағандай, ГФР-ға ресми сапар аясында Президент Германия Канцлері Олаф Шольцпен бетпе-бет форматында және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді. Канцлердің Орталық Азия мемлекеттері басшыларымен кездесуіне, бірінші Berlin Global Dialogue форумына қатысып, сөз сөйледі. Федералдық Президент Франк-Вальтер Штайнмайермен кездесті. Сондай-ақ, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Германия Президентімен кездесуіне, орталықазиялық әріптестерімен бірге Германия экономикасы Шығыс комитетінің (ГЭШК) «дөңселек үстеліне» қатысты. Бұдан бөлек, Шри-Ланка Президенті Ранил Викрамасингхеммен, Linde GmbH компаниясының Таяу Шығыс, Еуропа және Африка бойынша аса вице-президенті Оливер Пфаннмен, сондай-ақ әлемге аты шыққан бірқатар белгілі компаниялардың басшыларымен кездесті. Қазақстан мен Германияның іскер топтарының «дөңселек үстеліне» қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz, Primeminister.kz).



САРАПТАМА

БЕРЛИН САММИТИ:

державалар бәсекесі қай салаларда байқалады?

Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары қыркүйектің қарбалас геосаяси жүрістерін Германияда қорытындылады. Берлинде өткен «5+1» саммиті бізді қамтыған аймақта державалар бәсекесі қызып тұрғанын толық әйгіледі. Газетіміз өткен аптадағы №115 санында Берлиндегі бас қосудың ауқымды мәнін, ондағы тараптар мүддесі жайында алдын ала сараптамалық материал жариялаған болатын. Дегенмен, ұдайы айтатын державалар бәсекесі нақты қай салаларда анық байқалып жатқаны көпшілік оқырман үшін қызық болары анық. «Орталық Азия – Германия» саммитіндегі кейбір маңызды түйіндер бұған жауап табуға мүмкіндік бергендей.

ШАРТАРАПТЫ ЖАЛҒАЙТЫН
ТРАНЗИТТІК АЙМАҚ

Орта Азияның географиялық орналасуындағы артықшылығы державалар үшін басты назарда тұрады. Қазір Батыс пен Шығыс арасында белгілі деңгейде геосаяси үйектену (поляризация) үрдісі жүріп жатыр. Бұның бір тарапында демократиялық Батыс әлемі тұрса, екінші тарапында біздің ықпалды екі көршіміз және олардың айналасына топтасқан бір қауым ел бар. Әрине, өткен ғасырмен салыстырғанда саяси үйектену толық қалыптасқан картина емес, бірақ биыл G20 саммиті мен БРЕКС кездесулерінде үрдіс айқын байқалды. Ал енді Орталық Азияға қайта оралсақ, аймақ осы «екі үйектің» ортасында қалып отыр. Аймақ елдерінің егемендік жылдарында батыл қорғаған көпекторлы сыртқы саясаты осы кезде бізге оң ықпалын берді. Біз қандай да бір тарапты таңдаудан бас тартып, кикілжіңге бастайтын жолдан бойымызды аулақ тартып келеміз. Дегенмен, айналамыздағы күн сайын өршіген шиеленіс бізге барған сайын сын салмағын арттыруда.

Бұның сыртында өңір Ресей, Қытай, Еуропа, Оңтүстік Азия (Ауғанстан, Пәкістан және Үндістан) мен ислам әлемінің ортасында жатқаны да оның транзиттік аймақ ретінде маңызын көрсетеді. Аймақтағы қазір жүріп жатқан державалар бәсекесі ең алдымен осы артықшылығымызға бағытталған. Бұл, әсіресе, көлік-логистикалық, сауда-транзиттік бағыттары жағынан анық байқалады. Мысалы, Қытай үшін Орта Азия «Бір белдеу, бір жол» жобасындағы маңызды аймақ саналады. Бұ-

ның дәл керісінше, Ресей Батысқа тәуелсіз Оңтүстік-Солтүстік экономикалық дәлізді біз арқылы дамытуды көздейді. Бұған Үндістан мен Иранның да белгілі деңгейде тоқайласқан мүдделері бар. Еуропа бұл жағында аймақ елдерінің Ресей мен Қытайға тәуелді жобалардан айналып шығып, Орта дәліз бағытында өзіне тікелей энергия тасымалын қамтамасыз етсе дейді.

Бұл жолы Германия тарапы аймақ елдеріне Ресейді айналып өтетін транспорттық дәліздерді дамытуды ұсынуын осы қырынан түсінген абзал. Бұның төркінінде аймақ елдерін бір тарапқа инвестициялық тәуелділіктен шығарып, әр тарап өзіне қарай бейімдеу сынды әрекеттер жатыр. Өйткені, аймақтан өтетін экономикалық дәліздердің бәрі дерлік коммуникация саласына салынатын қыруар инвестициялармен жүзеге асады. Бір тараптың инвестициясы артқан сайын, аймақта сол тараптың сөзі де өтімді бола түсетіні белгілі. Шартарапты тұтастыратын аймақтың географиялық артықшылығына деген күрес біз күшін көпбағытты инвестиция қайнарына айналып тұр. Бірақ бұның бәрі біз ойлағандай тым оңтайлы бола бермейтіні тағы анық.

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қыркүйектің орта шенінде АҚШ президенті Джо Байден Орта Азия елдерінің басшыларымен 5+1 форматында кездесті. Бұл АҚШ-тың аймаққа қаратқан стратегиясының жанарғанын, әрі аймақты маңызды деп тани бастағанын білдірді. Дәл соған ұқсас Берлин-



дегі түскі ас та Германия мен ЕО-ның аймаққа қаратқан көзқарасы жаңа қалыпқа ауысқанын түсіндірді. Құрама Штаттардың жағдайы өз алдына, Еуропа үшін ОА аймағы балама энергияның көзі қатарында айрықша мәнге ие. Ресейдің энергия экспортына тәуелділікті бірден қысқарту айтпаққа оңай болғанымен, практикада қатпарлы көп қиыншылыққа кептелуде. Қазірдің өзінде ЕО құрамындағы бірқатар ел біздің елден және аймақтан алатын мұнай-газ көлемін өсірді. Бірақ бұл еуропалық тұтыну деңгейі үшін мүлде жеткіліксіз.

Әр қырынан көз жүгіртсек, Берлин саммитінде сөз болған энергетика саласындағы терең ынтымақтастық мәселесі қос тарап үшін де маңызды. Германия немесе ЕО-ның біздің аймақпен ынтымақтасудағы басты бағытының бірі – жасыл экономика. Осы салаға еуропалық гранттардың, төмен өсімді несиелердің, ауқымды инвестициялардың көбейетіні болжануда. Ал тау-кен байлығын барлау мен өндіруде қазір аймақтың ынтымақ құрған тараптары мейлінше кеңейді, бұл салада аймаққа неміс, жапон, ағылшын, корей және Канада мен америкалық компаниялар да ағылуда. Тау-кен өнімдерін барлау мен өндіруде ынтымақтастықтың түрлі елдерге қарай өрбуіне әуелі біз де мүдделіміз. Берлиндегі федералды үкімет жетекшілерінің осы бағытта аймақ елдерінің оң жамбасына

түсетін ұсыныстарға басымдық бергені де тегін емес. Яғни қазіргі халықаралық жағдайға байланысты аймақтың геосаяси салмағы артқанымен, біздің әлі де табиғи ресурстарымызбен бағаланып тұрғанымыз бізді де ойландыруы керек.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ӨЗ ҮНІ МЕН
ҰСТАНЫМЫ БАР

Әрине, біз өзіміздің тікелей көршілес елдердің мүддесіне кері жұмыс істеуден аулақпыз. Бұл, ең алдымен, біздің ұлттық қауіпсіздігімізге саятын аса сезімтал мәселелер. Орталық Азия елдерінің сыртқы саяси негізінен Қазақстанның сыртқы саяси ұстанымын үлгі етеді. Былайша айтқанда, біз барлық тараппен сауда-экономика, энергетика, мәдени-гуманитарлық бағытта қос тарапқа ортақ тиімді ынтымақ құрып, оны дамытуға белсендіміз. Маңыздысы – бұл қарым-қатынастар бізбен шекаралас елдерге қарсы бағытталмауы тиіс. Ондай қадамдардан барынша сақ тұратынымызды барлық тарап та өзінше түсінеді. Нью-Йорктен тартып, Берлинге дейінгі кездесулерде біз Украина мәселесін талқы тақырыбы еткен жоқпыз. Соған қарамастан аймақта елеулі әрі елеусіз күйде саяси бәсекенің болып жатқанын мойындамай тұра алмаймыз. Державалар өзінің инвестициясы, сауда-экономикалық салмағы арқылы ортазиялық саяси ұстанымды көздеулі тарапқа аударуға тырысады. Әрі саяси бәсекелер бізге таңдау жасауды ұсынғысы келеді, бірақ Орталық Азияның өзіндік үні әрі ұстанымы бар. Біз тараптардың келіспеушілігін өз есебімізден шешуден аулақпыз, әрі барлық тараппен де тек игілікті іскерлік орнатқымыз келеді. Міне, бұл – аймақтың күннен-күнге айқындалып келе жатқан ортақ ұстанымы.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

Польшадағы парламент сайлауы:

БИЛЕУШІ ПАРТИЯ
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАЙ АЛА МА?

15 қазанда Польшада Парламент сайлауы өтеді. Онда Польшаның Ұлттық Жиналысының 560 депутаты сайланады. Оның ішінде 460 депутат Парламенттің төменгі палатасы Сеймге, ал 100 депутат жоғарғы палата Сенатқа сайланбақ. Қазір саяси бәйгенің ең қызған тұсы. Әсіресе, Сеймге сайлау маңызды. Билеуші партия атануға «Заң және әділдік» және «Азаматтық платформа» әрекет етуде. «Заң және әділдік» партиясы 2015 жылдан бергі билігін ешкімге бергісі жоқ. Билік Еуропадағы геосаяси шиеленістен туындаған миграциялық дағдарысты негізгі саяси технология ретінде пайдаланып отыр. Осыдан бұл олардың жеке мүддесі ме, әлде ұлттық мүдде ме деген сұрақ туады...

МИГРАЦИЯЛЫҚ
ДАҒДАРЫС

Польшада соңғы 1 жылда күрделі саяси жағдай байқалады. Еуропадағы геосаяси шиеленіс пен биылғы саяси науқанның қатар келуін басты себеп деп атауға болады. Көршілес аймақта геосаяси жағдайдан соң Еуропада ішкі миграция көлемі артты. Бұл Польшаға да әсер етті. Өткен жылы еңбек мигранттарының саны 2021 жылмен салыстырғанда, 27%-ға өскен. Мұндай мәліметті елдің негізгі статистикалық басқармасы келтірген. Басқарманың мәліметіне сүйенсек, өткен жылы ресми түрде 1 млн-нан астам шетелдік азамат заңды жұмыс істеген.

Бұл жағдай билікті алаңдатары сөзсіз. Себебі, елде халықтың жалпы мигранттарға деген көзқарасы өзгерген. Польша 2004 жылдың 1 мамырынан бастап Еуропалық Одақтың толыққанды мүшесі атанды. Ал онда миграциялық үрдістерді реттейтін жекелеген заңнама бар. Бұл босқындарға да қатысты

мәселе. 2011 жылы «Араб көктемі» деп аталатын араб елдеріндегі саяси дағдарыстар болды. Оның нәтижесінде босқындар саны артты. Олардың басым көпшілігі жайлы, қауіпсіз мекен іздеп Еуропа елдерін паналады. ЕО мүшесі ретінде Польша да босқындарды өз аумағына енгізуге тиіс еді. Уақыт өте келе польшалықтардың сырттан келетін мигранттарға көзқарасы өзгерген көрінеді.

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Билеуші «Заң және әділдік» партиясы миграцияға деген халықтың көзқарасын биылғы сайлауда жеңіске жету үшін қолданып отыр. Ол үшін сыртқы саясатта батыл қадамдар жасауда. Бұл қадамдар кей жағдайда ЕО-тың мүддесіне де қайшы келеді.

Билеуші партия халықтың сырттай миграцияға көзқарасы өзгергенін біліп, парламентте сайлаумен бір уақытта бүкілхалықтық референдум өткізуді ұсынды. Референдумда 4 сұрақ болады:



- Шетелдік ұйымдарға мемлекеттік активтерді сатуды қолдайсыз ба?
- Ерлер мен әйелдердің зейнет жасын 67-ге ұзартуды қолдайсыз ба?
- Польша мен Беларусь шекарасындағы кедергіні алып тастауды қолдайсыз ба?
- Таяу Шығыс және Африкадан келетін мыңдаған заңсыз мигранттарды қабылдауды қолдайсыз ба?

Одан бөлек, былтыр Еуропада геосаяси жағдай шиеленіскен соң, бидай дауы пайда болды. Украина бидайды экспорттайтын ел ретінде Еуропаға көлік-логистикалық тұрғыдан тәуелді бола түсті. Ішкі Еуропаға экспорттың басым бөлігі Польша арқылы өтетін. Былтыр Украинадан келетін бидай көлемінің артып, Польша, Словакия және Мажарстанның шаруаларының өнімдерінің бағасы түсіп кетті.

Тарыққан шаруалар наразы бола түсіп, билікке өздерін қорғау керек екенін айтып шағымдана бастады. Бұл наразылықтардан соң ЕО биыл 16 наурыздан 15 қыркүйекке дейін Украинадан келетін бидай импортына тыйым салуға мәжбүр болды. Бұл тыйымның ресми күші жойылғанымен, Польша билігі Украинаның бидайын өз аумағынан өткізуге асығар емес. Себебі, алда парламент сайлауы. «Заң және әділдік» партиясына шаруалардың қолдауы қажет.

Осылайша билеуші партия ұлттық мүддені қорғауды сайлауалды бағдарлама ретінде алып отыр. Жоғарыдағы референдумда қойылатын 4 сұраққа халықтың басым көпшілігі өздері ойлағандай жауап беретініне сенеді. Мемлекеттік активтерді шетелдік ұйымдарға сатуды, зейнет жасын ұзартуды, екі ел арасындағы кедергілерді алуды және заңсыз мигранттарды қабылдауды халықтың қолдамайтыны сөзсіз. Қала

берді, биліктің өз экономикасын протекционисттік жолмен қорғауы «Заң және әділдік» партиясына қосымша ұпай алып келмек. Мұның бәрі халықтың ұлтшылдық сезімін қолдануға негізделген саяси технологиялар. Олардың бұл әрекеттерін оппозициялық «Азаматтық платформа» сынға алуға.

ПАРЛАМЕНТ ҮСТЕМДІГІ

Польша парламенттік республика. Саяси жүйеде заң шығарушы органның орны ерекше. Парламенттік республикаға жету жолы оңай бола қойған жоқ.

Польшаның қазіргі заманғы тарихы 1918 жылдың 11 қарашасынан бастау алады. Сол жылы Польша республикасы құрылды. Араға жыл салып 20 ақпанда республиканың алғашқы конституциясы қабылданды. Құжатты «Кіші Конституция» деп те атайды. Онда елдің басқару формасы ретінде парламенттік республика танылды. Осы кезден бастап Польша парламентінің тарихы басталды.

Алайда, одан кейін сыртқы және ішкі саяси жағдайларға байланысты парламенттің ықпалы біресе төмендеп, біресе артып отырды. Оған президент лауазымын енгізу әсер етті. 1921 жылы Польшаның жаңа конституциясы қабылданып, президент лауазымы 1922 жылы енгізілді. Бұл заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы шиеленіске алып келді. Президент пен атқарушы биліктің елдегі саяси ықпалының өсуіне Еуропадағы геосаяси қатығыстардың әсері бар. Соңғы 1997 жылғы конституцияда мемлекет толық парламенттік басқаруға өтті.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

НИЕТ БОЛСА,
ЖҰМЫС КӨПАлматыда жыл басынан бері
53 мың жұмыс орны құрылдыҚұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында іске қосылған «Жұмыс орындарын құрудың өңірлік картасы» аясында атқарылған жұмыс. Бағдарламаның мақсаты – бос жүрген азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасау.

Биыл аталмыш карта аясында Алматыда жалпы саны 53 мың жұмыс орны құрылған. Оның ішінде Ұлттық жобалар бойынша 16 мың жұмыс орны, жеке бастамалар аясында ШОБ субъектілері – 38 мың жұмыс орнын ашты.

Сонымен қатар, 2023 жылдан бастап Мемлекет басшысының жастарды қаржыландырудың жаңа құралын ұсыну жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Еңбек министрлігі жастарға шағын несие беру жобасын іске қосты. Жобаның мақсаты – жастарды мемлекеттік қолдаумен қамтуды кеңейту болып табылады. Микрокредиттер өз ісін ашу немесе кеңейту үшін 21 жастан 35 жасқа дейінгі жастарға, жеке

кәсіпкер ретінде тіркелген жағдайда, мерзімі 5 жылдан аспайтын мерзімге беріледі. Алматы қаласы бойынша жобаны іске асыруға 667 кәсіпорын үшін 3,3 млрд теңге бөлінді.

Бұдан басқа, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 400 АЕК-ке дейінгі гранттарды іске асыру жалғастырылды. Олар халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы адамдарға конкурстық негізде ұсынылады. Мұндай гранттарды 188 адам алды. Грант қаражаты халықтың жекелеген әлеуметтік санаттарына жататын өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыссыздарға өздерінің бизнес-әлеуетін іске асыруға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өздерін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Жұмыспен қамтудың тиімді құралы ретінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту өзін көрсетті. 2022 жылы 3 мыңнан астам адам оқыды, оның 936-сы өз бизнесін ашты. Бұл ретте кәсіпкерлік негіздеріне оқыту және кәсіпкерлік бастамалардың business.enbek.kz. Бірыңғай порталы арқылы гранттар беру бойынша бизнес-процестер автоматтандырылды.

Айта кетерлігі, жұмыс берушілер ұсынған бос жұмыс орындарына азаматтар электрондық еңбек биржасы арқылы өз бетінше жұмысқа орналаса алады.

● МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМА



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚАРИЯЛАР – ЕЛ ҚАЗЫНАСЫ

Алматыда қарттар айлығы қалай аталып өтеді?

(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, Халықаралық қарттар күнін тойлау аясында Алматыда қарт адамдармен кездесулер ұйымдастырылады.

Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, еңбек майдангерлерін, ұзақ жасаған адамдарды, қоршауда қалған Ленинград тұрғындарын, концлагерьлердің бұрынғы көмелетке толмаған тұтқындарын үйлеріне барып құттықтайды. Әрі олар үшін «Алатау» дәстүрлі өнер театрында мәдени ойын-сауық іс-шаралары ұйымдастырылады. Соғыс ардагерлері мен еңбек майдангерлеріне әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер бойынша көмек көрсетіледі. Жалғызбасты қарттарға көмек ретінде

қайырымдылық акциялары өткізіледі.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерде қарттарға арнап қазақстандық эстрада жұлдыздары ән салып, цирк әртістері өнер көрсетеді, мерекелік түскі ас ұйымдастырылады. Сонымен бірге, қаланың медициналық мекемелерінде тар бейіндегі медицина қызметкерлерін тарта отырып, қарт азаматтар үшін «Ашық есік күндері» өтеді. Соғыс және еңбек ардагерлеріне стоматологиялық көмек көрсетіледі. Ол үшін азаматтардың осы санаттарына тұрғылықты жері бойынша аудандық емханалар жүгінуі қажет. Ал мобильді емес зейнеткерлер үшін кешенді бригадалар үйде медициналық тексеру жүргізеді.

Орта арнаулы және жоғары оқу орындарында соғыс және еңбек ардагерлерінің қатысуымен кездесулер, конференциялар, «дөңгелек үстелдер», ашық сабақтар, театрландырылған қойылымдар, акциялар және басқа да іс-шаралар өткізіледі. Қала мектептерінде қарттар күніне арналған «Мейірімділік пен қайырымдылық сабағы» тәрбиелік іс-шарасы өтеді.

Естеріңізге сала кетейік, Алматыда 01.10.2023 жағдай бойынша 239 703 зейнеткер бар, 51 ҰОС-ның ардагері, 7590 еңбек майдангері, сонымен қатар, өзге мемлекеттердің аумағында 2985 жауынгерлік іс-қимыл жасаған ардагері тұрады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

Өрттен зардап шеккен 96 тұрғын үйдің 95-і ретке келтірілді. 1 пәтердің иесі жөндеу жұмысын жүргізуден бас тартты. Қазіргі аяқтатта «Ақкент» ықшамауданындағы №54 үйге тұрғындардың 100%-ы қоныстанған. Соған орай пәтер ауласында іс-шара ұйымдастырылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алатау ауданы әкімі пәтерлерді аралап, тұрғындардың жағдайымен танысты. Үй тұрғындарының бірі – Жәнібек Құлыбаевқа өз өміріне қауіп төнсе де, өзгелерді құтқарғаны үшін Алғыс хат табыстады.

Ғимараттағы жөндеу жұмыстарын құрылыс салушы – «Ayt Housing Complex» ЖШС өз мойнына алып, электр энергиясы мен сумен жабдықтау 2 қыркүйекте толығымен қалпына келтірілді.

«Әкімдік тарапынан тұрғындарға 2 айға пәтер жалдау қаржыландырылды. Осы 2 айдың ішінде біз құрылыс салушы ретінде үйдің жалпы аумағын қалпына келтірдік – шахталар, электр кабельдері, шахталардағы есіктер алюминийге ауыстырылып, электр есептегіштер қалпына келтірілді. Жалпы алаңдарда күрделі жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ, сыртқы өрт сатысы, өрт дабылы, желдеткіштер, түтін мұржалары – барлық жүйе жұмыс істейді. Жұмыстар аяқталғаннан кейін әкімдік қызметкерлерімен бірге сынап та көрдік», – деді Ayt housing Complex құрылыс компаниясының бас директоры Қанат Ералиев.

Пәтерлерді жөндеумен «Болашақ Құрылыс-С» ЖШС айналысқан. Мердігердің айтуынша, жөндеу жұмыстары жоғары қабаттардан басталды. Үй тұрғындары 10 қыркүйектен бастап қоныстана бастады.

«Барлық пәтерде түтіннің иісі болды. Сол үшін озондау технологиясы қолданылды. Бұл ауаны тазалап, қабырғаға сіңіп қалған иісті кетіруге мүмкіндік береді. Қазір ешқандай иіс жоқ. Қоныстанып жатқан тұрғындармен тілдестік. Бәрі риза», – дейді «Болашақ S құрылыс» ЖШС жобасының басқарушысы Сергей Ковалев.

АҚКЕНТ:

БАРЛЫҚ ТҰРҒЫНДАР
ҮЙЛЕРІНЕ КӨШІП КЕЛДІ

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТЖД мәліметінше, «Ақкент» ықшамауданындағы барлық 58 үйде өрт қауіпсіздігі тексерілді. Төтенше жағдай көбіне апаттық шығу есіктерінің жабық болуына байланысты болады. ТЖД қызметкерлері қала бойынша өрт-тактикалық оқу-жаттығулар, көппәтерлі тұрғын үйлердің тұрғындарымен және МИБ, ПИТ өкілдерімен өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіру бойынша профилактикалық іс-шаралар өткізді. Өкінішке қарай, тұрғындардың баспалдақтар мен эвакуация жолдарын өздері жауып тастаған жағдайлар әлі де тіркелуде. Сондықтан алдын алу жалғасады. Есепке алынған 1079 көпқабатты үйге түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

Еске сала кетейік, 1 тамызда «Ақкент» ықшамауданындағы тұрғын үйде өрт болды. Үйдің 300-ден астам тұрғыны эвакуацияланды. Президенттің тапсырмасы бойынша 6 адам «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған болатын. Солардың бірі – ыстың иісін бірінші болып сезіп, дереу көмекке ұмтылған екінші қабаттағы Тілеужан есімді

тұрғын. Ол құтқарушылар келгенше 16-қабатқа 6-7 рет көтеріліп, түтінге тұншыққандар мен кішкентай балаларды сыртқа шығарып үлгерген.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Азамат ҚАЛДЫБЕКОВ, Алатау ауданының әкімі:

Жөндеу жұмыстары толықтай аяқталды

Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша және аудан әкімдігінің қолдауымен ТЖД резервінен пәтерлерді косметикалық жөндеуге қаражат бөлінді. Құрылыс салушы кабельді ауыстыру, есепке алу құрылғыларын, кіреберіс, лифт және қабат алаңдарын қалпына келтіру жұмыстарын толық жүргізді. Электр шахтадағы алюминийден жасалған кабельдердің бәрі жез кабеліне ауыстырылды. Өрт сөндіруге арналған құрылғылар жаңартылып, жөндеу жұмыстары толықтай аяқталды. Тұрғындарды қоныстандыру кезең-кезеңімен жүргізілді. Әр тұрғын пәтердегі жөндеу жұмысы аяқталғанына байланысты көшіп келді. Ғимаратта 2 қыркүйекте электр жүйесі жүргізілді. Бүгінгі күнде барлық тұрғын үйлеріне көшіп келді.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЫ

Тілеужан
АХМЕТЖАН,
«Ерлігі үшін»
медалінің иегері:Менде
құтқару
мақсаты
ғана болды

Ол күнді еске алу өте қиын. Сағат 16.40-тар шамасында үйдің жарығы жанып, сөніп, қайта жана бастады. Есік жақтан түтіннің иісін сездім. Өрт шыққанын біліп, бірден отбасымды, көршінің баласы біздің үйде болған еді, бәрін баспалдаққа дейін шығардым да, оларға «сыртқа шыға беріңдер» дедім. Қою қара түтін төменгі, жоғары қабаттарға жеткен. Көршілердің, жоғары қабаттағы үйлердің есігін қағып шықтым. 8-қабатқа келгенде демалу қиындап кетті. Сол қабаттан бастап қап-қара түтін, айнала дым көрінбейді. Терезеден басымды шығарып, арасында демалып аламын. Алдымен, 16-пәтердегі көршімнің бала-шағасын сыртқа алып шықтым да, артынша басқаларына көмекке жүгірдім. Басында іште қалып қойған 3-4 адам ғана деп ойладым. Барлығы құтқарылғаннан кейін, тұрғындар келіп алғысын айтып жатты. Біраз адам болғанын сонда білдім. Ол кезде барлығын құтқару мақсаты ғана болды. Кіріп, қолымнан келгенше алып шықтым, соңғысы енді қиындау болды.



КӘСІПКЕРЛІК

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫ ДАМУ – басты басымдық

Алматыда кәсіпкерлер үшін бірыңғай есеп беру күні өтті. Шаһарымыздағы «Басжоспар» ҒЗИ алаңында ұйымдастырылған дәстүрге айналған бірыңғай есеп беру күнінде 2023 жылғы 1 қаңтар – 1 тамыз аралығында атқарылған жұмыстар жөнінде ақпарат мәлім етілді.

Айнабай
МӘДИ

Кездесуге келген кәсіпкерлік субъектілерінің, Өңірлік кәсіпкерлер палатасының, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органдар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның 70-ке жуық өкілі, сондай-ақ қала прокуратура органдарының мамандары нәтижелі жұмыс орайында ойын ортаға салып, пікір алмасты.

МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТ

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасы төрағасының міндетін атқарушы Нариман Ибрагимов атаулы күнде бизнесті мемлекеттің бақылау-қадағалау функциясымен таныстырып, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтық сауаттылығын арттыру мен қауіпсіз қызметін ұйымдастыру мақсатымен шолу жасады. Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Берік Солтанбаев Алматы қаласының экономикасы көбіне-көп сауда мен қызмет көрсету (сервис) саласының ЖӨӨ құрылымында басым бағытта екенін ескертіп, мұның үлесі 86,1%-ға жеткенін атап айтты.

«Өткен жылы Алматы қаласын дамытудың 2025 және 2030 жылдарға дейінгі жоспары бекітілді, бұл – қала үшін маңызды стратегиялық құжат. Осыған сай, біз



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

өзіміз үшін қаланы дамытудың мынадай басымдықтарын айқындадық: бұл – жоғары технологиялық және «таза» өндірісті дамыту және креативті индустрияны дамыту», – деп атап өтті Б.Солтанбаев.

Қаламызда ауқымды инвестициялық жобалар Алматының индустриялық аймағы мен инновациялық технологиялар паркінің арнайы экономикалық аймағында дамуда. Шаһарымыздағы шағын кәсіпорындарда шағын өнеркәсіптік парктер бағдарламасы белсенді түрде жүзеге асырылуда, онда үй-жай жеңілдетілген шартпен беріледі. Бұдан әрі басқа мемлекеттік орган өкілдері биылғы бірінші жартыжылдықта атқарылған жұмыс туралы есеп берді. Есепті бөлімнен кейін кәсіпкерлер ЖАО өкілдеріне өз сауалдарын жаудырды.

«Қазақстан рестораторлар клубы» қауымдастығының төрағасы Гүлнара Катибаева: «Бұрын жадынама жыл сайын таратылатын, сол жоқ қазір. Келер жылы тексеруге мораторий алынып тасталады, әлбетте, мейрамханалар алдымен тексерілетінін жақ-

сы түсінеміз. Жадынама әзірлеуді жедел қолға алсаңыздар...», – деп қауымдастық төрағасы өтініш-сауалын жеткізді. ТЖД өкілі: «Кәсіпкерлерге арналған өрт қауіпсіздігі жөніндегі тиісті жадынамалар басып шығаруға жіберілді», – деп мәлімдеді.

«МӘЗІРГЕ БАЛАЛАР ЖЕЙТІН ТАҒАМДЫ ҚОЯМЫЗ»

Мектептегі тамақтану кәсіпорындары қауымдастығының вице-президенті Салтанат Лесбаева прокуратура өкілдеріне жүгініп, мектеп асханаларына бөгде адамдардың заңсыз кіруіне тосқауыл қоюға көмектесулерін сұрады. «1–4-сыныптардың ақылы тамақтану турасында, блогерлер мен қоғам белсенділері мектеп асханаларына барып, оны бейнежазбаға түсіріп, әлеуметтік желілерде таратуда. Осындай жасанды қоғамдық резонанс тудыратын жағдай жиілеп кетті. Осылайша кәсіпкерлердің абырой-беліне нұқсан келтіреді. Мұны кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу деп санаймыз. ҚР «Білім туралы» Заңының 43-бабында білім

беру ұйымының ішкі тәртіпті бекітетіні тайға таңба басқандай жазылған емес пе...», – дейді Лесбаева ханым.

Қауымдастық вице-президентінің мәлімдеуінше, мектеп мәзірінде белгілі бір нюанс бар. Бұл диеталық тағам, ешқандай дәм күшейткіш, дәмдеуіш қолданылмайды. «Біз қазір дұрыс тамақтануды насихаттауға тырысамыз. Өкінішке қарай, біздің балалар фаст-фудқа, газдалған сусын мен гамбургерге үйренген. Мұны шектен тыс пайдаланбаймыз. Мәзірге балалар жейтін тағамды қоямыз. Көбіне-көп ата-аналар дұрыс тамақтану жайын түсінбей жатады», – дейді С.Лесбаева.

Прокуратура өкілдері аталған мәселелердің мәлім екенін білдіріп, әрбір осындай жағдай жөнінде шұғыл хабарлауды тапсырды. Кездесу кезінде «Лифтшілер одағы» қауымдастығы ЗТБ президенті Нұрлан Кенжебаев лифтілерді күтіп-ұстау мәселесін көтерді. Оның айтуынша, жазатайым оқиға жиілеп кеткен. Еліміздің «Азаматтық қорғау туралы» заңы 15-бабы 3-тармағының 21-тармақшасына сай, жергілікті атқарушы органға әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғының қауіпсіз пайдаланылуын мемлекеттік қадағалау тапсырылды. Әлбетте, бұл құрылғылар тізіміне лифтілер де енді. Бұл тексерулер профилактикалық бақылау аясында жасалады. Нұрлан Кенжебаев лифтілердің жарамдылығын бақылауды күшейтуге шақырды.

Сондай-ақ, әлеуметтік кәсіпкерлер үшін жеңілдік, мектепке дейінгі ұйымдардың санитарлық қауіпсіздігі, мүлікке тыйым салу, салықтық преференция, т.б. мәселе көтерілді. Соңында бизнес-қоғамдастық кездесу ұйымдастырғаны үшін Өңірлік кәсіпкерлер палатасына алғысын білдірді. Кәсіпкерлер палатасының басшысы кәсіпкерлердің барлық мәселесі бақылауға алынғанын хабарлады. Ол, сондай-ақ, диалог форматын жарты жылда бір рет өткізуді ұсынды.

СТАТИСТИКА



Биыл қаңтар-тамыз айларының қорытындысы бойынша Алматы қаласында әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішінің өсу қарқыны жоғары.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР 115,2%-ды құрады

Экономиканың негізгі 6 саласының (өнеркәсіп, сауда, көлік және қоймалау, ақпарат және байланыс қызметтері, құрылыс, ауыл шаруашылығы) серпінін сипаттайтын қысқа мерзімді экономикалық индикатор 115,2%-ды құрады.

Өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 21,7% өсіммен 1303,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды, бұл елдегі ең жоғары өсу қарқынын көрсетті (+3,8%). Бұл ретте өңдеу өнеркәсібі 20,2%-ға, 1117,6 млрд теңгеге дейін өсті.

Құрылыс 3,8%-ға өсті, орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 322,3 млрд теңгені құрады. 2023 жылғы қаңтар-тамызда өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 22,5% өсіммен 1486,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Бөлшек тауар айналымының көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 6,2%-ға ұлғайып, 3525,8 млрд теңгені құрады. Көтерме сауда айналымы 20,3%-дық өсіммен 9455,6 млрд теңгені құрады.

Көлік және қойма қызметтері 16,5%-ға, ақпарат пен байланыс 3,3%-ға өсті.

2023 жылғы қаңтар-тамызда қала экономикасына негізгі капиталға 876,9 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл ретте жеке инвестициялар былтыр осы кезеңмен салыстырғанда, 4,8%-ға өсті.

Тамыз айында іскерлік белсенділік индексі 55,2%-ды құрады және республика бойынша көшбасшы орында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЦИФРЛАНДЫРУ

«МОБИЛЬДІ ХҚО»

қосымшасында жаңа қызмет пайда болды

Жүргізуші куәлігін алғаш рет алатын азаматтар енді «Мобильді ХҚО» қосымшасы арқылы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына емтихан тапсыруға өтініш беріп, алдын ала кезекті брондай алатын болады. Бұл жанашырлық уақытты үнемдеуге әрі МХҚО-дағы қызмет алушылардың кезегін азайтуға септігін тигізеді.

Ол үшін қолданушыға «Мобильді ХҚО» қосымшасында «Бейне қызметті» таңдау керек. Бұл сервис қызмет алушы алғашқы ақпаратты алу үшін МХҚО операторымен байланыстырады. Одан кейін клиентке мемлекеттік бажды төлеуге немесе алдын ала төленген түбіртектегі ұсынуға мүмкіндік беріледі. Төлем жасалғаннан кейін №073/у формадағы медициналық анықтаманың, автомектепті аяқтағаны туралы куәліктің, қызметалушының суретінің сканерленген нұсқаларын және талапқа сәйкес қойылған қолтаңбаны сұрататын болады. Оператормен сөйлесу ба-

рысында аталған барлық құжатты диалогтық терезеде тіркеу қарастырылған. Айта кететін жайт, азамат өтінішті сәтті тапсырғаннан кейін, МХҚО-ға алдын ала кезекті брондау үшін емтихан тапсыратын күн мен уақыт ұсынылатын болады.

«Бұрын емтихан тапсыратын азаматтар өтініш беру және төлем жасау үшін МХҚО-на баруға міндетті болатын. Енді бұл қызметті үйден шықпай, онлайн алуға болады. Яғни бейнеқоңырау арқылы өтініш беріп және кезекті алдын ала брондайды. Одан кейін клиент МХҚО-ға бекітілген уақытта келіп, емтиханын тапсырып кете алады.



Болашақта өтініш беру функциясын электронды порталға және екінші деңгейлі банктердің ақпараттық жүйелеріне енгізу жоспарда бар», – деді басқарма төрағасы Сүлейш Өзділдин.

Айта кетейік, сервиспен eGov mobile қосымшасында да қолдануға болады. Ол үшін басты беттегі «БейнеХҚО» батырмасын таңдау қажет.

Нұр ЖАМАЛ.

МИНИСТР

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫННЫҢ ЗАЛАЛЫ БАСЫМ

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният жасөспірімдер арасында вейп пен энергетикалық сусынды азайтудың жолдарын атап өтті.

«Халықтың салауатты өмір салты дағдысын қалыптастыру қажет. Себебі, елімізде ересек тұр-

ғындардың 21%-ы темекі тартады, балалардың 20%-ы артық дене салмағынан, ал 6%-ы семіздіктен зардап шегеді. 11–15 жастағы жасөспірімдердің үнемі энергетикалық тәтті сусын ішуі – 17,5%-ды, дене салмағының артуы 15%-ды, вейпке құмарлығы – 10%-ды құрайды», – деді Денсаулық сақтау министрі.

Темекі тұтынуды азайту жолында биылғы 1 қаңтардан бастап

темекі өнімдеріне акциздік ставка көтерілді. Тұтынудың электрондық жүйесінің (вейп), олар үшін хош иістендіргіш пен сұйықтықтың айналымына толық тыйым салуды енгізу жөнінде ҚР Парламенті Мәжілісінде заңға өзгерістер қарастырылды. Бүгінде 21 жасқа дейінгі адамдарға энергетикалық сусын сатуға тыйым салуды енгізу жөніндегі норманы талқылау рәсімі жүргізілуде.



МУҒАЛИМ МӘРТЕБЕСІ

ҰЛЫҚ ӨНЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Алматы қалалық «Ұстаз» кәсіподақ ұйымы аламан айтыс өткізді

Ұстаздардың төл мерекесіне орай, Түркісіб ауданындағы №76 мектеп шаңырағында Алматы қалалық «Ұстаз» кәсіподақ ұйымы «Кәсіподақ ұстаздармен бірге» атты аламан айтыс өткізді. Қалалық айтысқа жолдама алған ақындардың барлығы да бұған дейін өз аудандарында өткен аламанда оза шауып, жүлде алған жүйріктер. Араларында республикалық айтыстарға шығып, бағын сынап, бөйге алғандары да бар. Қаламыздың 8 ауданының жүйріктері қатысқан бұл айтыстың басты тақырыбы – мұғалім мәртебесі, кәсіподақтың көтеріп отырған жүгі туралы болды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Айтысты қалалық «Ұстаз» кәсіподағының төрағасы Серікжан Қадыралыұлы ашып, ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтады. Айтысқа қатысушы үміткерлерге табыс тіледі. Сонымен, құрамында атақты ақын Серік Қалиев, ақын Аманғазы Кәріпжанов, мұқағалитанушы Шаяхмет Имашев, актер Омар Қырым сынды белгілі тұлғалар бар әділқазылар алқасы айтыскер ақындардың орындаушылық шеберлігін, ой тереңдігі мен сөз тапқырлығын, көркем теңеуі мен қарсыласына қайтарған ұтымды жауабын сынға салды. Сонымен қатар, орақ тілді, от ауызды ақындардың тақырыпты аша білгендігі де ескерілді. Ұстаздардың арасында



да айтыс десе, делебесі қозып, арқасын кеңге салатын ақындардың көп екенін аңғардық. Олар қарсыласына ұтымды жауап қатып, сөз тауып кететін тапқырлықтарымен де тандай қақтырды. Сахнада айтыстың көрігін қыздырған суырыпсалма ақындар қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, ашы шындықтарды да өлең тілімен жеткізе білді.

Ұстаз-ақындардың тағы бір ерекшелігі – сахна мәдениетін сақтап, тақырыптан ауытқымай, жауаптарын ұйқастыра жеткізе білгендігімен де шеберліктерін танытты. Осындайда «Өлеңгер әркімнің-ақ бар таласы» демекші, нағыз айтыскерлердің кені мектепте ме деп те қалдық.

Талай аламаннан аты озған танымал ақын Серік Қалиев ұлық өнерді жандандырып, жалғастырып отырғандарға ризашылығын білдірді.

– «Асыл пышақ қын түбінде жатпайды» деген емес пе? Ұстаздарымыздың сөз саптауы мен ұйқас таңдаудағы шеберлігіне тәнті болып отырмын. Ұстаздарымыз өлмес өнерді осылай дәріптеп жатса, күні ертең жас ұрпақтың да айтысты дәл осылай құрметтері анық, – деп өз ойын білдірді.

Талай айтыста қарсыластарын өзінің отты тілімен «тізе бүктірген» танымал ақын Алтынбек Ибрагимов қаламыздағы №140 гимназияның ұстазы. Жас ұстаз: – Жарасады Алтынбек арындаса, Арындаса және де жалындаса, Бостандық ауданынан келіп тұрмын, Бабаларым армандаған сан мың жылда, –



деп сөз арасында ел тәуелсіздігін, бабалар арманы болған бейбіт өмірді жырына арқау етті.

Айтыстың Бас жүлдесін Жетісу ауданындағы №108 мектептің мұғалімі Айбын Жәмәли, 1-орынды Түркісіб ауданы №198 мектеп мұғалімі Қайырбек Қонакбаев, 2-орынды Бостандық ауданы №140 гимназия мұғалімі Алтынбек Ибрагимов, 3-орынды Әуезов ауданы №119 мектеп мұғалімі Дархан Құдайбергенов иеленді. Жеңімпаздарға қалалық «Ұстаз» кәсіподағы атынан қаржылай сыйлық табыс етілді. Сонымен қатар, дәл осы күні «Ұстаз» кәсіподағы зейнетке шыққан ардагер ұстаздарға сый-сияпат жасап, құрмет көрсетті.

JAS FEST-2023



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖАСТАР МЕРЕКЕСІ
Алматыда демалыс орталықтарының фестивалі өтті

«Айнабұлақ» ықшамауданында Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «JAS FEST-2023» қалалық жәрмеңкесі өтті. Іс-шара барысында жасөспірімдер мен жастарға арналған 100 қалалық демалыс орталығы таныстырылды. Ойын-сауық бағдарламасы, шеберлік сыныптары, жастарға арналған спорттық жарыстар мен байқаулар ұйымдастырылып, сыйлықтар ұсынылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Біз бұл фестивалді екінші жыл өткізіп отырмыз. Қаламызда тегін қатыса алатын кандай секциялар мен үйірмелер бар екенін мүмкіндігінше көп адам білуі үшін біз орындарды өзгертуге тырысамыз», – дейді Мемлекеттік Жастар саясаты қорының бос уақытты өткізу орталықтары-

мен жұмыс бөлімінің меңгерушісі Лилия Баймұратова.

Демалыс орталықтарында сабақтар әртүрлі бағытта өтеді. Ойын-сауық орталықтарының белсенділері әртүрлі деңгейдегі жарыстарда өз шеберліктерін көрсетті. Фестиваль аясында салтанатты марапаттау рәсімі өтіп, онда конкурстар мен олимпиада қатысушылары мен жеңімпаздары Алғыс хатқа ие болды.

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

«ҰСТАЗ – БІЛІМ ШЫРАҒЫ»

Ұстаздар мерекесі аясында Н.Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жастар театрында «Ұстаз – білім шырағы» атты мерекелік іс-шара өтті. Оған аудан көлемінде еңбек етіп жатқан 650 мұғалім қатысты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Салтанатты жиынды Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиев ашып, барша білім саласы қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтады.

– Құрметті ұстаздар, сіздердің еңбектеріңіз қашан да өлшеусіз. Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде, еліміздің өркендеп, көркеюіне де сіздердің қосып отырған үлестеріңіз зор. Ел ертеңі болар ұрпақ тәрбиелеуде де сіздердің еңбектеріңіз зор. Ағымдағы жылы мектеп бітірген түлектердің 49-ы «Алтын белгі» иегері атанды. Аудан мектептерінің оқушылары тек ауданымыздың ғана емес, Алматы қаласының да абыройын қорғап, 14 оқушымыз Халықаралық, 112 оқушымыз республикалық олимпиадалардың жеңімпазы атанды. Бұл сіздердің еңбектеріңіз, құрметті ұстаздар! Сіздерді осынау кәсіби мерекелеріңізбен құттықтап, шығармашылық табыс тілеймін. Бүгінгі таңда біздің Әуезов ауданында 239 білім мекемесі бар. Бұл мекемелерде 103 мың оқушы мен студент білім алып жатыр. Өнегелі ұрпақ тәрбиелеудегі еңбектеріңіз табысты болсын, – деді Абзал Қуандықұлы.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Мерекелік іс-шара барысында аудан басшысы ұзақ жыл жемісті еңбек еткен білім саласы қызметкерлерін «Құрмет грамоталарымен» марапаттады. Сонымен қатар, еңбек ардагер-

леріне де құрмет көрсетілді. Жиын соңы мерекелік концертке ұласып, Мирас пен Құралай, Асхат Тарғын, Серікбол Сайлаубек, т.б. эстрада жұлдыздары өнер көрсетті.

МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ

Бибігүл АХМАДИЕВА,
№64 бөбекжай-балабақша тәрбиешісі:

МАҚСАТ – ЖАС ҰРПАҚҚА ДҰРЫС
БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРУ

Мектепке дейінгі мекемеде үздіксіз қызмет етіп келе жатқаным атыз жыл болды. Бүгін менің еңбегімді бағалап, аудан басшысының қолынан «Құрмет грамотасын» алып отырмын. Бұл мен үшін, менің ұжымым үшін үлкен құрмет болды. Жалпы, бала тәрбиесі – баршамызға ортақ. Ұрпақ саналы болса, ұлтымыз салауатты, саналы болады. Қазіргідей күрделі уақытта жас ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беру де оңай емес. Сондықтан осы салада ерінбей еңбек етіп, тер төгіп келе жатқан барлық білім саласы қызметкерлерін, өзін еңбек етіп жатқан №64 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Гүлмира Қабылбекқызы басқарып отырған барлық ұжым мүшелерін осынау мерекелерімен шын жүректен құттықтап, табыс тілеймін!

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

МЕРЕЙТОЙ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Еліміздегі беделді басылымдардың бірі,
қоғамдық-саяси бағыттағы «Атырау» газетіне – 100 жыл



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Газеттің алғашқы саны «Ерік» деген атаумен 1923 жылы сәуірдің 1-і күні шықты. 1924 жылы 23 тамыз – «Жұмыскер тілі», 1930 жылдың қыркүйегінен «Жем жұмысшылары», 1932 жылғы сәуірден – «Ленин жолы», 1933 жылғы қыркүйектен – «Социалистік құрылысқа», 1933 жылғы 5 қарашадан – «Социалды құрылыс», 1963 жылдың мамырынан – «Коммунистік еңбек» деген атаумен, ал 1990 жылғы маусымның 30-ынан бері «Атырау» деген атаумен шығып келеді. Ұзақ жыл бойы аптасына 5 рет шыққан газет соңғы жылдары аптасына үш рет шығады.

«Атырау» газеті – еліміздің батыс өлкесіндегі алғашқы ұлттық басылымдардың

Алғашқы саны 1923 жылы «Ерік» деген атаумен жарық көрген басылым осы аралықта «Құрмет белгісі» орденімен марапатталып, Бүкілодақтық сыйлыққа да ие болған. Ғасырлық мерейтойға орай Атырау қаласында ауқымды жиын өтті. Оған елге танымал қаламгерлер мен ардагер журналистер, сондай-ақ Алматыдан арнайы барған «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы қатысты.



бірі. Газеттің негізін қалап, материалдық базасын жасақтап, алғашқы нөмірлерін шығарған – 1923 жылы Гурьев уездік партия комитетінің бірінші хатшысы болған Төлепкерей Өтеулиев. Газеттің алғашқы санындағы бас мақаланың авторы да сол кісі еді. «Тірлік осымен табылады» деп аталған мақалада негізгі ой «Халықтың оқу-білімінің маңызы, ерікті ел болудың басты шарты – оның сауаттылығында» дегенге саяды. Облыстық газет өзінің бүкіл тарихында осы ойды жан-жақты насихаттаумен келеді. 2000 ж. басында газет таралымы 10 мың болса, бүгінде таралым 26 мыңнан асты.

Ұнқағаз тарихы өте бай. Кезінде Әбу Сәрсенбаев, Асқар Тоқмағамбетов, Сәбит Мұқанов, Ғабдол Сланов, Хамит Ерғалиев, Жүмекен Нәжімеденов, Берқайыр Аманшин мақала-өлеңдері мен әңгімелерін жолдап тұрған. Газетте Тауман Амандосов, Меңдекеш Сатыбалдиев, Фариза Оңғарсынова, Марат Ысқақов, Берік Қорқытов, Аманқос Ершуов сынды белгілі әдебиетші, жазушылар жұмыс істеп, қанаттанды. Нұриден Мұфтахов, Тілек Дәулетов, Ізімберген Ісхожин сынды республикаға танымал журналистер, әлем классиктерін қазақ, қарақалпақ тілдеріне алғашқы аударған Жүсіп Жантөрин, Қыдырғали Сасықов сынды ертеде елге танылған аудармашылар жұмыс істеді.

ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ

«ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ!»

атты мерекелік концерт ұйымдастырылды

Алмалы аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының ұйытқы болуымен Қазақстан Жазушылар одағының мәжіліс залында Халықаралық қарттар айлығы аясында «Қарттарын қадірлеген ел ардақты!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды.



Айнабай
МӘДИ

Ежелден үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – бабадан бергі салтымыз. Қазыналы қарттарымыздың өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңесі, тәлім-тағалымының орны бөлек. Себебі, еліміздің өсіп-өркендеуіне сол ақ сақалды қарияларымыз бен ақ жаулықты әжелеріміздің қосқан үлесі мен еңбегі ересен. Сол қарияларымыз талай жасты тәрбиелеп, ізбасарды өсірді. Бейнетінің зейнетін көріп отырған шақта да сол сүйегі асыл азаматтарымыз ұрпақтарына игілік пен ізгіліктің, пайым мен парасаттың үлгісін танытудан жалыққан жоқ.

«Сіздерді Қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Үлкенді сыйлау – қазақстандықтардың игі дәстүрінің бірі, оны сақтау бүкіл қоғам үшін маңызды. Бүгінде сіздердің көпшілігіңіз ардагерлер ұйымдарының құрамында қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытып жүрісіздер. Ал бұл – баға жетпес үлгі.

Қымбатты ардагерлер! Сіздер біздің асыл қазынамыз болып жүре беріңіздер. Өмірлеріңіз қашан да жақсылық пен игілікке, қуаныш пен шаттыққа толы болсын!».

Алмалы ауданының әкімі Айдар Жәкібаевтың қазыналы қарттарды құттықтау хатын аудан әкімінің орынбасары Айнұр Бекжанова оқып берді.

Керек дерек

Алмалы ауданында 34 933 зейнеткер бар. Соның 9-ы – Ұлы Отан соғысының мүгедегі мен қатысушысы. Демек, аудан аумағында 100 жастан асқан 9 қария өмір сүреді.

Аудан аумағында 1439 тылда жұмыс істеген ардагер-қарт тұрады.

Алмалы аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы Желтоқсан көшесі, 29 мекенжайына орналасқан.

Орталықта зейнеткерлерге (қарттарға) арналған кітапхана, йога мен аэробика жаттығуына арналған фитнес залы, шахмат ойнайтын бөлмелер бар. Орталықта Тоғызқұмалақ ойнау, фильм көру, компьютерлік сауаттылыққа үйрету жүргізіледі.

Орталықта апта сайын тегін заңгерлік, психологиялық, медициналық кеңес, мотивациялық семинар мен шеберлік сабақтары өткізіледі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қанат ХАСЕНОВ, Алмалы аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының директоры:

Алмалыдағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы – еліміздегі ең алғашқы пилоттық жоба

Алмалы ауданында «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы 2018 жылдың шілде айында еліміздегі ең алғашқы пилоттық жоба болып ашылды. Бүгінде орталықта түрлі курс жұмыс істейді. Зейнеткерлерге арналған орталықта Халықаралық қарттар күніне орай, Алмалы ауданы әкімшілігінің қолдауымен ұйымдастырылған бүгінгі іс-шараның жоғары деңгейде өткенін жұртшылық айтып жатты. Мерекелік іс-шараға 600-ден аса зейнеткер қатысты. Концертке қатысушылар көрермендерге ән-би сыйлап, мерекелік көңіл күйді көтерді. Сонымен қатар, мерекелік дастархан да жайылды.

Орталықта зейнеткерлердің бос уақытын көңілді өткізуге арналған курстар: айқуна, йога, скандинавиялық жүріс, би, хор, компьютерлік сауаттылық, шахмат, тоғызқұмалақ, қазақ тілі, ағылшын тілі, қолөнер шеберлігі, т.б. жұмыс істейді. Орталыққа күніне, шамамен, 200-дей адам келеді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мерекелік іс-шаралар өтіп тұрады. Орталық жанынан құрылған «Шашу» би ансамблі, «Самал» хор тобының өнерпаздары шетінен мықты. Жеке әншілер қалалық және республикалық деңгейдегі байқауға, ізгілікті іс-шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Сондай-ақ, еңбегімен ерекшеленгендер бұқаралық ақпарат құралдарында да жарқырып шығуда. Орталықта Алматы қаласы мен Алматы облысының керемет жерлеріне үнемі саяхат ұйымдастырылады.

Әр халықтың бойында ықылам заманнан бері қалыптасып, оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеті болады. Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Халқымызда «Қариясын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. Біз қашанда қарттарын қадірлеп өскен ұлтпыз. Бүгінде қазақтың әрбір үйінен отбасы мүшелеріне ақыл-тәлімді тәрбиесін беріп, ұлағатты ұғымдарды сіңіріп, шүпірлеген немере-шөберелерінің ортасында марқайып отырған ата-әжелерімізді көрудің өзі бір ғанибет емес пе.



БРИФИНГ

МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА ЖАҚЫНБЫЗ

Алматыда 2023 жылы 2,5 млрд теңгеге 27 мыңға жуық адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарға тағы қандай қолдау көрсетілетінін Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов толығырақ айтып берді.

Атаулы көмек беріледі

Атаулы әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен отбасыларға көрсетіледі. «Кедейлік шегі тоқсан сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% мөлшерінде айқындалады (3 тоқсанда ең төменгі күнкөріс деңгейі – 49 898 теңге, кедейлік шегі – 34 929 теңге). 2023 жылы Алматы қаласында 2,5 млрд теңгеге 27 мың адамға АӘК төлеу жоспарлануда. Сонымен қатар, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалары бар АӘК алушылар азық-түлік және тұрмыстық химия өнімдерін сатып алуға ақшалай төлеммен (5175 теңге) қамтамасыз етіледі, бұл қолдауды 157,6 млн теңгеге 5926 бала алды (жоспар 437,7 млн теңгеге 7519 бала)», – деді Б.Жаубасов.

Азаматтар талап ете алатын әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылардың басқа түрлеріне мынадай төлемдер жатады: тұрғын үй көмегі коммуналдық қызметтерге ақы төлеу үшін ай сайын төленеді, егер жалдау ақысы болса (әлеуметтік төлем бойынша), отбасының жиынтық табысының 5%-ынан асады (23,4 млн теңгеге 1179 адам тұрғын үй көмегімен қамтамасыз етілді); аз қамтылған отбасы-



ларға газ жабдықтарын, су мен газды есепке алу аспаптарын жүргізуге және орнатуға, мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалатын шығындар (газ жабдығы – 4,1 млн теңгеге 11 адам, су мен газды есепке алу аспаптары – 3,2 млн теңгеге 210 адам; мүгедек балаларды үйде оқыту – 65,3 млн теңгеге 949 адам) және т.б.

«Инватакси» игілігі

Алматыда өздігінен қозғала алмайтын мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кресло-арбаларға арналған бөлшектерді жөндеу және ауыстыру бойынша тегін орталық бар. Арба жөндеу шеберханасы 470 мүгедек адамға қызмет көрсетті.

Бауыржан Жаубасовтың айтуынша, биыл кресло-арбаларды жөндеу бойынша кемінде 600 қызмет көрсету жоспарлануда.

«Мүгедек жандарға және мүмкіндігі шектеулі балаларға қосымша «Инватакси» қызметтері ұсынылады. «Инватакси» қызметімен қамтамасыз ету 100 автокөлікке мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ «Яндекс такси» агрегаторы арқылы қызметті іске асыру бойынша пилоттық жоба іске қосылды, бұл қызметке мұқтаж адамдарды қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік берді», – деп атап өтті ол.

Сондай-ақ, мүгедек адамдарды жан-жақты қолдау және оларды қоғамға интег-

рациялау үшін қалада 2020 жылдың мамыр айынан бастап «Теп Qogam» әлеуметтік қолдау орталығы жұмыс істеп келеді.

Алматы қаласы әкімінің осы әлеуметтік жобаның ауқымын кеңейту жөніндегі тапсырмасына сәйкес мегаполис бойынша 7 орталық ашу жөнінде іс-шаралар қабылданды. Жыл басынан бері «Теп Qogam» орталықтарында 3065 адамға қызмет көрсетілді.

Жұмыссыздық азайып келеді

Бір жыл ішінде қаладағы жұмыссыздық деңгейі 5%-дан 4,8%-ға дейін төмендеді, деп атап өтті спикер. Оның сөзіне сүйенсек, халықты жұмыспен қамту мәселелеріне ерекше назар аударылады: әлеуметтік жұмыс орындары ашылады, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 400 АЕК мөлшерінде өтеусіз мемлекеттік гранттар беріледі, «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар үндестігі», «Күміс жас» жобалары жұмыс істейді.

Мысалы, қоғамдық жұмыс 30 АЕК мөлшерінде төленеді және арнайы білім мен дайындықты қажет етпейді. Әлеуметтік жұмыс орындарына белгіленген жалақының 35%-ын мемлекет субсидиялайды. «Жастар практикасы» жоғары оқу орындары мен колледждердің 35 жастан аспаған түлектеріне арналған, еңбекақысы 40 АЕК. Жастарды «Алғашқы жұмыс орны» және «Ұрпақтар үндестігі» жобалары бойынша жұмысқа орналастырады. Сондай-ақ, аға буын өкілдері үшін «Күміс жас» жұмыспен қамту мәселесінде қолдау бар.

Осы орайда айта кетейік, жұмыс іздеп жүрген азаматтар Еңбек мобильділігі орталығына хабарласуына болады (Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85, тел.: 310-47-82).

ДЕНСАУЛЫҚ

Жүрек дерті «жасарып» барады



6 айда Алматыда мақсатты топтың 68-ы скринингпен қамтылған.

«Кейінгі уақытта біз жүрек-қан тамырлары ауруларының жастар арасында да көбейіп келе жатқанын байқадық. Басқаша айтқанда, ауру жасарып келеді. Қазір 35 пен 50 жас аралығындағы адамдардың оннан бірінен жүрек кеселі анықталып отыр. Бұған себеп – ерте жастан темекі шегу, ішімдік ішу, шамадан тыс тамақтану», – дейді спикер.

Сарапшының сөзіне сүйенсек, алматылықтар арасында жүрек-қан тамырлары ауруларынан ең көп таралғаны – артериялық гипертония.

«Артериялық гипертонияны жеке ауру ретінде де, жүректің ишемиялық ауруы, миокард инфарктісі және инсульттің дамуына әкелетін жеке қауіп факторы ретінде де қарастыруға болады. Өкінішке қарай, бізде тұрғындардың жартысы қан қысымының жоғары болуына назар аудармайды. Көпшілігі емделмейді. Бұл жерде айта кететіні, қысымның жоғарылауы жүректің қарқынды жұмыс істеуіне әкеледі, оған үзіліс бермейді, осылайша тамырлардың жұмысы нашарлайды. Тамырлардың аневризмалары пайда болады, олардың қабырғалары созылып, жұқарып, жарылуы мүмкін. Сондықтан артериялық гипертония көбінесе миокард инфарктісі мен инсультке әкеп соқтырады», – деп атап өтті спикер.

Сөз соңында жүрек ауруының алдын алудың қарапайым жолдарын айта кетейік: дұрыс тамақтану; үнемі спортпен шұғылдану; ұйқыны қандыру; жаман әдеттерден бас тарту; күйзеліске бой алдырмау.

САҚТАНСаң, САҚТАЙДЫ

Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің дерегіне сүйенсек, ЖРВИ-мен сырқаттану көрсеткіші өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, биыл 4,6%-ға өскен.



Тұмаудан вакцина қорғайды

Ауырғандардың 65,1%-ы балалар. Осы маусымда тұмау жұқтыру жағдайлары анықталмаған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте департамент басшысының орынбасары Әсел Қалықова мәлімдеді.

«Қазіргі уақытта тұмаудың зертханалық расталған жағдайлары тіркелген жоқ, тұмауға жатпайтын басқа ЖРВИ вирустары риновирус ретінде таралуда. Өткен 2022-2023 жылғы эпидемиологиялық маусымда ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың маусымдық өсуі 40-аптадан бастап тіркелді, ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың ең жоғары көрсеткіштері 52-аптада тіркелді, одан кейін сырқаттанушылықтың 4 апта ішінде тұрақтануы байқалды. Эпидемиологиялық кезеңде маусымдық тұмаумен сырқаттанушылықтың 244 жағдайы тіркелді,

тұмау вирусының барлық үш түрі айналымда болды», – дейді Ә.Қалықова.

ДДҰ-ның эпидемиологиялық және зертханалық деректерін ескере отырып, алдағы күз-қыс маусымында В вирусының қосылуымен А/Н1N1/ pdm09 және А/Н3N2 типті вирус субтиптерінің параллель айналымын және ықтималдықтың үлкен үлесін, сондай-ақ, басқа тұмау вирустары арасында А/Н1N1/ pdm09 тұмау вирусының басым болатынын болжауға болады.

«Қалада биылғы 25 қыркүйектен бастап «тәуекел тобындағы» адамдарды тұмауға қарсы вакцинациялау басталды. Бұл топқа медицина қызметкерлері, медициналық ұйымдарда медициналық бақылауға жататын балалар, жиі ауыратын алты айдан асқан балалар, жетім балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы және

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, балалар үйлері, жүрек-қан тамырлары жүйесі мен тыныс алу органдарының созылмалы аурулары бар адамдар, медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызмет алушылары, 2-ші немесе 3-ші триместрдегі жүкті әйелдер кіреді. Осы жылдың 27 қыркүйегінде тұмауға қарсы «тәуекел тобындағы» 18348 адам вакциналанды. Тұмауға қарсы екпелер ағымдағы жылдың қараша айының соңына дейін жүргізіледі», – деді Ә.Қалықова.

Сондай-ақ, ол жеке медициналық орталықтарда тұмауға қарсы екпе алғысы келетін халыққа, оның ішінде жұмыс берушілердің қаражаты есебінен түрлі саладағы қызметкерлерге ақылы негізде вакциналау жүргізіліп жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, спикер тұрғындарды аурудың алдын алу іс-шараларына бей-жай қарамауға шақырды.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



● ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

БАЙҚОҢЫРҒА БАСПАЛДАҚ

Жұбан Молдағалиевтан басталды

1975 жылдың күлім қаққан көктемі. Айналаның бәрі көкке малынып, жаңарып-жасарып қалған. Қым-қуыт тіршіліктің өзінен ерекше бір ыстық жалын, жаңалық сезілетіндей. Тек бүкіл әлем көз тігіп отырған Байқоңырдағы көрініс қана бәз-баяғы қалпында еді. Ишанқұлдың үйіне сау етіп бес-алты адам кіріп келді.

Ол кезде Байқоңырда бес-алты адамның емін-еркін жүруі мүмкін емес. Ондағы адамдардың саны да, олардың жүріс-тұрысы да қатаң бақылауға алынған. Кеңес Одағының орталығы Мәскеуге тікелей бағынатын Ленинск аталған бұл қаланың Қазақстанға қатысы жоқтай болатын. Бірде сәтті, бірде сәтсіз болып жататын ғарыш кемелерін ұшыру былайғы ел-жұртқа қызықсыз көріне бастаған. Себебі, Байқоңыр елден ерекше оқшауланып қалған еді.

— Қала өте құпия аймақ болғандықтан, жабық болды. Айналасы түгел бетонмен қоршалған, адам түгілі, аң да өте алмайды. Бақылау пунктінде үнемі кезекшілікте әскери адамдар тұрады. Ел-жұрт тек қана рұқсат қағаз арқылы өтетін. Кім сол жерде жұмыс істейді, арнайы берілген рұқсат қағаздары болады, сол арқылы ғана өте алатын. Мысалы, мен өзім сол жерде жұмыс істеп жүріп, қалаға күніне он рет кірсем, он рет тексереді. Ол кездері мен сондағы ғылыми-зерттеу орталығының баспаханасында, редакцияның баспа бөлімінде жұмыс істедім, тура отыз жыл қызмет еттім, — дейді Жәнібек Үйрекөв.

Ойда-жоқта қонақ болып келген бес адам осындағы қарт коммунист, тәжірибелі теміржолшы-машинист Ишанқұл Дәулетовтың үйіне түсті. Алғашында үй иесі жүзін шырамытқанмен, жыға тани қоймаған. Таныса келе білді, Алматыдан арнайы ат арытып келген қонақ қазақтың белгілі ақыны Жұбан Молдағалиев еді.

Ол кезде өмірдің бір қызығы кітап оқу болатын. Жасы қырыққа тола қоймаған Ишанқұлдың баласы Дабыл үшін бұл күн аса қуанышты күн еді. Бұрын газет-журналдар мен кітаптардан ғана көретін адамы бүгін үйінде қонақ болып отыр. Өлең-жырдың өлкесінде еркелеп өскен Дабыл қолды-аяққа тұрмай қонақ күтті.

— Жұбан аға менің әкемді ертіп сыртқа шығып кетті. Сырттағы қораның ішінде әкеммен көп уақыт әңгімелесті. Біз ол кезде жаспыз, қонақ күтуіміз керек, оны-мұнымен шапқылап жүгіріп жүрдік. Сонан мал сойылды, тамақ әзір болды. Қонақтар дастарқан басына келіп отырып, одан әрі әңгіме өрбітті.

Әлгі кісіні бір жарық жұлдыз деп айтуға келмейді, өте бір қарапайым, кішіпейіл, сөзі де, өзі де жай адамның бейнесін байқағандай еді. Шешем Қаншайыммен де сырласып, әңгімелесіп, өте жарасымды кейіппен, көңілді отырды. Жағдай сұрасып, бала-шағаның хал-жайын сұрап, бұрыннан таныс кісідей жақын көрінді. Қолында не қағаз жоқ, не қаламсап жоқ, тек әңгіме өрбітіп, көбіне басын изеп тыңдап отырды, — дейді Дабыл Ишанқұлұлы.

Көпті көрген Жұбан ақын, шынында, өте қарапайым еді. Тұрлауы жоқ тіршіліктің әрбір түйткілі жүрек пернесін кернеп, нәзікжанды ақынның қаламы сезім иірімдерін пәк қалпында дүниеге әкелетін. Оның жаны нәзік болғанмен, қайтпас қайсарлығы да бар болатын. Көздеген мақсатын орындамай қоймаған. Қазақтың белгілі майдангер ақыны Сағынғали Сейітовтің Жұбан ақын жайында айтар көп әңгімесі де осыны айғақтағандай еді. Олардың со-



нау Ұлы Отан соғысы жылдарынан бастап, ұзақ жылдарға созылған достық қарым-қатынастары артында өшпес із қалдырды. Олардың екеуі де майданнан оралған ақындар болатын. «Мен қазақтың» деген ақыны көп болғанмен, қазақта Жұбан жалғыз еді.


— Қазақ туралы жазған ақын бізде көп, бірақ қазақ халқының тарихын, оның ерлік күресін, бостандық, тәуелсіздік үшін күресін Жұбанша айта алған, қазақ халқының тарихымен байланыстыра айта алған, ең елеулі кезеңде айта алған ақын, әрине, жоқ еді ғой. Жұбан тез танылды деп есептеймін мен. Оның өлеңдері орыс тіліне және басқа тілдерге, шетел тілдеріне де аударылып, жұртшылыққа шығармалары кең тараған ақын. Мен Жұбанды мемлекет қайраткері, қоғам қайраткері биігіне көтерілген ақын санаймын. Жұбан Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы қызметін атқарды. Сонымен, бір мезгілде КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы да болды. Артынан КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, көп қызметтер атқарды. Қысқасы, Жұбан Молдағалиев халқына кеңінен танылған, қалаулы болған, еліне елеулі болған аса көрнекті қайраткер ақын болды, — деген еді майдангер ақын Сағынғали Сейітов сөз арасында.

Жұбан ақын осы жолы да өзінің қайраткерлігін танытты. Шындығын айтсақ, ол кезде Байқоңыр ғарыш айлағына бару

үш ұйықтасаң түсіңе кірмейтін нәрсе. Мәскеудің жеке-дара еншілеп алған қаласы қазақ үшін тіпті жабық болатын. Бұл қалада қазақтың небәрі он бестей ғана үйі бар еді.

— Қаланың іші таза, жақсы, әдемі болды. Тамақ-жемі де мол, біздегі басқа қалаларға қарағанда жан-жақты жақсы жабдықталған еді. Бірақ қазақ аз болды. Көбі басқа жақтан келген әскери адамдар болатын. Менің жұмыс істеген жерімде тәртіп өте күшті еді, қатаң қадаланып тұрды. Өйткені, барлық құпия нәрселердің бәрі біздің қолымыздан өтті. Ең үлкен бастығымыз Мәскеуде отырды, ғарыштық байланыс орталығы еді ғой, нұсқаудың бәрін сол жақтан алып отырдық. Әдепкіде біздің қаланы «Ташкент-90» деп атады, сосын «Қызылорда-50» деп атады. Кейін «Поселка Ленинск» деді, одан «город Ленинск», сосын барып «Байқоңыр» деп аталды. Осынша жылдың ішінде бес рет өзгертіліп аталды. «Звездоград» деп те атағысы келіп еді, оны Мәскеудегі «Звездный городокқа» берді де, бізге берген жоқ, — деді, өткен-кеткенін еске алған Жәнібек Үйрекөв ағамыз.

Жұбан Молдағалиевтың Байқоңырға баруы аяқ астынан қабылданған шешім емес. Ол бұған ұзақ дайындалған еді. Басқаларға есігі жабық әскери қалаға кіруге рұқсат алу аса қиын болатын. Бұл орайда Жұбан ақынның Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың алдына баруына тура келген.



— Бір күні Жұбан маған телефон соқты, «мен саған кіріп шығайын деп едім. Жаңа Қонаев жолдастың қабылдауында болдым, ол кісі маған Байқоңырға баруға рұқсат етті. Енді соған жүргелі отырмын» деді. Бұл — сол 1975 жыл болатын. Жұбан Байқоңырда үш-төрт күн болып қайтты. Келген соң поэма жазуға кірісті. Маған жоспарын айтты. Бұл аса жауапты тақырып, бізде жазылмаған тақырып, өте қиын тақырып. Мен де білгенімше ақыл-кеңесімді айттым. «Сен Байқоңырды елден бөлек алмайсың ғой, Қазақстан тарихымен, кеңестік жылдардағы өзінің өсу жолдарымен көрсететін шығарсың» дедім. Ол біраз ойланып қалып, «поэмама «Байқоңыр баспалдақтары» деген ат қойып отырмын» деді. Көп кешікпей поэмасын аяқтап, ол басылып шықты. Ел-жұрт өте жақсы, жылы қабылдады. Міне, бұл поэманың тарихы осылай, — деді, ақын Сағынғали Сейітов тағы бірде үйіне барғанда.

Оқырманы көп жылдар еді ғой, ел-жұрт қай қаламгердің кезекті шығармасы қалай боларын тосып жүретін. Бәрінен бұрын елге-жерге деген отаншылдық сезім ерекше еді. Қыр-сырын барынша бүркемелеп баққан соң, ащы шындықтан хабарсыз ел Байқоңырдың Қазақстанда болғанын мақтаныш тұтты. Бірақ ол географиялық картада көрсетілмейтін, ал оның қайда екенін тіпті айтуға да болмайтын. Осындай кездері Жұбан ақынның «Байқоңыр баспалдақтары» поэмасы батылдығымен де жұрттың көңілінен шыққан еді.

— Онда негізінен Байқоңырдың Сыр бойында тұрғаны айтылады, негізгі кейіпкері менің әкем Ишанқұл болды. Оны Жұбан ақын поэмасында Исағұл деп жазды, ал шешем Қаншайымды Қаншайым деп батыл айтқан. Ол кезде атын ашық айтуға да болмайтын заман еді ғой. Қала Ленинск деп аталған кез еді. Поэма күзде басылып шықты, мен өзім қызыға оқып шықтым сол кезде. Сыр бойының даласын, жерін, ауа райын — бәрін әдемілеп келтірген. Ашық айтылмаса да, ғарышкерлердің ұшып жатқаны Қазақстан үшін мақтаныш еді, — дейді, кейіпкердің баласы Дабыл масаттана айтып.

Иә, ол кезде Байқоңырға бару талайдың арманы еді. Алайда, ол туралы ләммим деп тіс жаруға болмайтын кеңестік дәуірде оның жүзеге асуы екіталай нәрсе еді ғой. Алған бетінен қайтпай, оған Жұбанның барып зерттеп-зерделегені ол заманда үлкен ерлік болды. Бұл Жұбанның ғана емес, қазақтың Байқоңырға бастаған алғашқы баспалдағы еді.

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ

ALMATY MOUNT FEST 2023

Мерекелік іс-шараға 2 мыңға жуық адам қатысты

29 қыркүйек пен 2 қазан аралығында Алматыда Халықаралық Almaty Mount Fest тау спорты фестивалі өтті. Іс-шараны Дүниежүзілік туризм күніне орай Алматы қаласының Туризм басқармасы ұйымдастырды.

Әсем Алматы үшін дәстүрлі фестиваль өткен жылғыдай жарыстың 4 түрін қамтып, оған 2 мыңнан астам кәсіпқой спортшы мен белсенді әуесқойлар қатысты. Қатысушылар туриада, downhill, skyrunning мен альпиниада жарыстары бойынша өздерін сынап көрді. Бұдан бөлек, Almaty Mount Fest 2023 ұйымдастырушылары 6 мен 14 жас аралығындағы балалар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға арнап, тауға шығу мен туриаданың арнайы бағыттарын дайындаған болатын. Фестивальдің негізгі спорттық және мәдени іс-шаралары «Медеу» мен «Шымбұлақ» тау шаңғы шипажайында өтті.

Фестивальдің алғашқы күні қатысушылар үшін 2 қызықты спорттық іс-шара – тау велосипедтерімен жылдамдықпен төмен түсу (downhill) және алдын ала арнайы дайындалған бағыт бойынша тауға бұқаралық жорық (туриада) ұйымдастырылды. Жаяу бағыт қатысушылары жорықты «Медеуден» бастап, «Шымбұлақта» аяқтады. Жолға кеткен орташа уақыт 3-4 сағатты құрады, ал маршруттың ұзындығы мен биіктіктің алмасуы, сәйкесінше, 3200 метр мен 600 метр болды. Қатысушылардың бәріне естелік медальдар табысталды. Жарыс нәтижесі бойынша туриада сайысында Башқұртстаннан келген Александр Пашков бірінші орынға ие болды. Екінші- үшінші орындарға Мукам Искандер мен Дубук Александр орналасты.

Downhill дисциплинасында трассаның ұзындығы 2300 метрді құрады, ал биіктіктің алмасуы 650 метр, UCI (Халықаралық велосипедшілер одағы) жіктемесі бойынша 2 деңгейге сәйкес болды. Downhill жарысының жеңімпаздары үш жас санаты бойынша марапатталды, олар: 14 пен 17 жас аралығындағы «Юниор» санаты, 18 бен 29 жас аралығындағы «Элита» санаты, 30 жастан асқандар арасындағы «Шеберлер» санаты.

Тау фестивалінің екінші күні альпиниада мен skyrunning жарыстары ұйымдастырылды. Skyrunning бойынша 3 шақырымнан асатын бағыт әзірленді. Ең жоғарғы биіктік 2800, ал жарыс басындағы биіктік 2200 болды. Жүгіру жарысы тау жолдары мен соқпақтарында өтті, жол бойында тасты шөгінділер де кездесті. Ал альпиниадада қатысушылар түрлі тау рельефі арқылы өткен 11 шақырымнан астам қашықтықты бағындырды. Маршрут Тұйық-Су (2400 м), Мыңжылқы (3100 м) шатқалдары, Тұйық-Су альпинистер лагері (3500 м) арқылы өтіп, «Молодежный» шыңында (4147 м) мәреге жетті.



Үшінші күні Almaty Mount Fest 2023 ауқымды іскерлік форумымен қорытындыланды. Оның тақырыбына тау туризмі дамудың жаңа мүмкіндіктері, оның ішінде экологиялық тұрақты саяхаттар, демалысты ұйымдастырудың креативті форматтары, сондай-ақ, таулы аймақтағы инклюзивті туризм мәселелері арқау болды. Пікірталас алаңына Андорра, Франция, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Грузия мен басқа да елдердің халықаралық сарапшылары қатысты.

Сондай-ақ, фестивальдің шешуші күні БАҚ өкілдері үшін арнайы баспасөз мәслихаты ұйымдастырылып, онда Алматы туризмінің дамуы мен фестивальдің барысы туралы ақпарат берілді. Жиынға ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті төрағасының орынбасары Мираc Төлебаев, Алматы қаласының Туризм басқармасының басшысы Ғалия Токсейітова, Андорра Туризм министрлігінің кеңесшісі, экс-министр Вероника Каналс, «Шымбұлақ» тау шаңғысы шипажайының цифрландыру және қызмет департаментінің басшысы Никита Олейник қатысты.

– Almaty Mount Fest – тек Қазақстанда ғана емес, халықаралық дәрежеде өте беделді фестивальге айналып келеді. Бұған дәлел ретінде быыл 1800-ден астам қатысушы тіркелгенін айта аламыз. Қатысушылар қатарында тек отандастарымыз емес, Қытай, Түркия, Франция, Ресей, Қырғызстан мен Өзбекстан азаматтары да бар. Жалпы, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында шетелдік туристердің ағыны 73%-ға өсіп, 261 мың адамды құрады. Елімізге соққан әрбір саяхатшының екіншісі Алматы қаласына келеді. Туризм басқармасының болжамы бойынша Алматыға келетін шетелдік туристердің саны жыл соңына дейін 500 мыңға жетеді, – деді Алматы қаласының Туризм басқармасының басшысы Ғалия Токсейітова.

Ал Туризм индустриясы комитеті төрағасының орынбасары Мираc Төлебаев Алматы қаласының туризм саласындағы әлеуеті жоғары екенін хабарлады.

– Алматы қаласын туризм саласының локомотиві деп айта аламыз. Елімізде барлығы 15 тау шаңғы курорты бар, оның бесеуі Алматыда орналасқан. Олардың арасында қанша жылдан бері «Шымбұлақ» тау шаңғы шипажайы көш бастап тұр. «Шымбұлақтың» «Әлемдегі ең биік түнгі тау шаңғысы трассасы бар курорт» ретінде Гиннесс рекордтар кітабына енгенін де айта кеткен жөн. Ел аумағының 10%-ы мемлекеттік ұлттық парктерге жатады, оның бесеуі Алматы тау кластеріне тиесілі. Бұл осы аймақтағы туризмді ары қарай дамытудың әлеуеті жоғары екенін көрсетеді, – деді ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті төрағасының орынбасары Мираc Төлебаев.

Фестивальге арнайы Андоррадан келген Вероника Каналс Almaty Mount Fest-тің еуропалық фестивальдерден айырмашылығын атап өтті.

– Туризмді дамыту қай елге болмасын өте маңызды. Әсіресе, пандемиядан соң мұндай фестивальдердің өтуі туризм саласына оң әсер етеді. Қазақстан креативті туризм мен тұрақты туризм бағытында жасасу жолын істеп жатыр. Андоррада да осыған ұқсас фестиваль ұйымдастырылады. Бірақ бізде спорттық жарыстар өтпейді. Бұл жағынан сіздер көбірек креативтісіздер, – деді Андорра Туризм министрлігінің кеңесшісі Вероника Каналс.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ДӘСТҮР



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы марафоны: 15 мың адам!

Алматыда дүйім жұртты жинаған дәстүрлі марафон өтті.

Айта кеткен жөн, биыл жаппай жүгіруге қатысқандар қатарында шаһар басшысы Ерболат Досаев та болды. Марафонға қатысушыларға төрт қашықтықтың бірін тандау мүмкіндігі берілді. Олар: 42 шақырымға классикалық марафон және 21 мен 10 шақырымға жүгіру, сондай-ақ скандинавиялық жүріспен 10 шақырым қашықтықты өңсеру. Ал 42 және 21 шақырым қашықтықта алдын ала іріктеуден өткен озық қатысушылар үшін «элита» санаты қарастырылған. Сондай-ақ, Алматы марафоны аясында биыл алғаш рет 35 жастан асқан қатысушылар үшін тас жолда 10 км жүгіруден Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Жалпы биыл марафон 15 мыңнан астам адамның басын қосты. Ұйымдастырушылардың хабарлауынша, қатысушылардың бастапқы жарналарынан

түскен қаражаттың бір бөлігі 68 млн теңге көлемінде спорттық инфрақұрылым салуға және үш балалар үйіне, дене және ақыл-ой даму ерекшеліктері бар балаларға арналған үш оңалту орталығына, психиатриялық мекемеге, сондай-ақ Алматы мен Алматы облысының Орталық стадионына арнайы жабдықтарды сатып алуға бағытталатын болады.

Жүгіру жарысының басында да, соңында да мерекелік атмосфера орнады. Марафонға қатысушыларды жол бойы кәсіби төрешілер, полиция және жедел жәрдем қызметкерлері бақылады. Төрешілер адамдардың жолдан шығып кетпеуін, жарыс ережелерінің бұзылмауын қадағаласа, өзге қызметкерлер марафон қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Сонымен қатар, жарыс дистанциясының бойында марафоншыларды қолдап, оларға ас пен су ұсынатын волонтерлер болды. Ал мәре орналасқан Республика алаңында черлидерлер командалары мен музыкалық топтардың қатысуымен үлкен ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды.

АЗИЯДА

АЛҒА, ҚАЗАҚСТАН!

қоржында – төртінші алтын

Азия ойындарында Қазақстанның ерлер командасы байдарка мен каноэде есуден алтын алды.



Қытайдың Ханчжоу қаласында өтіп жатқан XIX Азия ойындары аясында ел құрамасының мүшелері Тимур Хайдаров пен Сергей Емельянов жұбы 500 метрге каноэде есуден алтын жүлде жеңіп алды. Олар 1:49.01 уақытымен үздік болды. Екінші саты Жапония құрамасының ескекшілері жай-

ғасты (1:49.237), ал мәреге үшінші жеткен Ираннан келген жұп (1:50.486) қола жүлдеге ие болды.

Бұл Азия ойындарында Қазақстан құрамасының қоржынына түскен төртінші алтын медаль. Бұған дейінгі алтын жүлделерді мергендеріміз алған еді. Алғашқы алтынды скит додасында рекорд жаңартқан әйелдер командасы алса, одан кейінгісін Зухра Ирнарзава қозғалатын нысандарды атудан еншіледі. Үшінші үздік жүлдені де алдарына жан салмаған стэнд атудан спортшыларымыз алды.

«Тимур мен Сергейді жеңісімен құттықтаймын! Күрес қиын болды, бірақ біздің ескекшілер бәсекелестерден озып үлгерді. Азиядада Қазақстан құрамасы дәстүрлі түрде осы спорт түрінен өте жақсы нәтиже көрсетіп келеді және бүгінгі жетістік-осының жарқын дәлелі. Команданың жаттықтырушылар штабына ерекше алғыс айтамын. Ел сіздердің қажырлы еңбектеріңізді мақтан тұтады!», – деді ҚР Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.

Сондай-ақ, Тимофей Емельянов пен Кирилл Тубаев байдаркада және каноэде есу бойынша МК1 1000 м бағдарламасында және МК1 1000 м дисциплинасында 3-орын алып, Азия ойындарының қола жүлдегері атанды.

Ел намысын қорғап жатқан ескекші қыздарымыз да қоржынға жүлде салды. Ольга Шмелева мен Ирина Подойникова қосарланған байдарка есуден 500 метр бағдарламасында 1:51 көрсеткішімен күміс медальге қол жеткізді. Оған қоса, Мария Бровкова мен Руфина Исакова жұбы қосарланған каноэ есуден 500 метр қашықтықта екінші келді.

Азия ойындары 8 қазанға дейін жалғасады.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.



ТАЛБЕСІК

Саябақ құлпыратын болады



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматыдағы Махатма Ганди атындағы саябақта қайта құру жұмыстарынан кейін орындықтар мен беседкалар жоғалып кеткендей болған. Жергілікті тұрғындар бұрынғы орындықтардың қайтарылуын, саябақта тұрғындардың демалуына жайлы болуы үшін тиісті қондырғылар орнатылуын сұрауда. Оның да мәнісі бар. Мұнда кішкентай балалы отбасылар мен зейнеткерлер жиі демалады.

Айнабай
МӘДИ

«Саябақты қалпына келтіруден кейін тұрғындардың демалуға да орны қалмады. Біраз орындық пен беседка жоғалып кетті. Зейнеткерлер қайда отырады? Кішкентай балалы аналар қайда отырады? «Қайта құрушылар», орындықтар мен беседкаларды орнына қайтарыңыздар!», – деген райда сауалдар қойылуда. Әлбетте, тұрғындардың шағымы орынды.

Бұл мәселеге орай, Алмалы ауданының әкімдігі жағдайдың мәңжайын түсіндірді. Аудан әкімдігінің мәліметінше, Ганди саябағында 2023 жылы бірнеше жоба: саябақты абаттандыру мен автоматты суару жүйесінің құрылысы жүзеге асырылуда. Әкімдіктерілердің айтуынша, саябақты жөндеу жұмыстары әлі аяқталмаған.

«Саябақты абаттандыру үшін қолданыстағы жабынды, балалар алаңын жаңартуды көздейтін «Халық қатысатын бюджет» жо-

басының аясында ойын алаңы, қоқыс орны, орындықтар, жарықтандыруды жаңғырту, беседка мен пергол орнатылмақ. Қазіргі уақытта дайындық жұмыстары аясында көше жиһаздарының ескі элементтері демонтаждалған. Конкурс қорытындысынан кейін аталған жұмыстарға мердігер компания кірісіп, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін болады», – деп хабарлады Алмалы ауданының әкімдігі.

Аудан әкімдігі өкілдерінің айтуынша, жұмыстың аяқталу мерзімі қазан айына жоспарланған. Бұған дейін алматылықтарды Ганди алаңындағы тамырымен қопарылған бұталардың жайы алаңдатқан болатын. Әкімдіктің мәліметінше, биыл саябақты ауқымды абаттандыру жұмыстарын жүргізу кезінде саябақтың көрнекі кеңістігін ашу арқылы аумақтың жаңа концепциясы мен ландшафты дизайны қарастырылады. Аталған тұжырымдамада беде егу, бұта мен гүлдердің түрлі сорттарын отырғызу қарастырылған.

ЕҢБЕК АДАМЫ

БІЛІМ НЕГІЗІ – БАСТАУЫШТА



Жомарт күзде еліміз ұстаздар мерекесін атап өтеді. Бұл эсте, күздің дархандығы мен ұстаздың кең пейілінің ұқсас екенін көрсетсе керек. Өзім де осы салада ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқандықтан, ұстаз еңбегінің қаншалықты ардақты екенін жақсы білемін. Соңғы жылдары мемлекетіміз ұстаз еңбегін ардақтап, мәртебелі мамандықтың мерейін үстем етті.

Бұл біздің еңбекке деген құштарлығымызды арттырып, шабыттандыра түсті. Сондықтан білім саласында еңбек етіп жүрген ұстаздарымыз осы мерекеде қандай көңіл күйде екен деген оймен сыр тартып байқағанымда, бәріміздің арман-тілегіміздің бір арнаға тоғысып жатқанын байқадым. Бәріміз оқушыларымыздың бойына ұлттық құндылықты сіңірсек дейміз.

Себебі, мен де осы бастауыш сыныптарында қазақ тілін үйретіп жүрген ұстаздардың бірімін. Ұстаздарымыз отбасы мен мектепті қос қанатындай бірге сермеп, балаларға ана тілінің мәйегін қайтсек сіңіреміз деп жүрген жандар. «Білім негізі – бас-

тауышта» демекші, ұзақ жылдар бастауыш сыныпта еңбек етіп келе жатқан Р.Мирзалымқызы, А.Ерғалиқызы, Г.Ізімжанқызы, З.Ахметқызы, М.Жалалдинқызы сынды т.б. ұстаздарымыздың еңбектерін мақтанышпен атап өткенді жөн көрдім. Осынау жылдар бойы өз басым мектепте өткен іс-шараларды сүйікті басылымымыз «Алматы ақшамында» жариялап отырдым. Биылғы жылы да «Ақшамға» алғашқылардың бірі болып жазылып отырмын.

Халиса ОРАЗОВА,
№151 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

Екі жаңа маршрут іске қосылады

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

**Алматыға қала маңынан қатынап
жұмыс істейтіндер көп. Автобусы аз,
жолаушысы көп ауылдар үшін қо-
ғамдық көліктің тапшылығы бүгінде
шешімін таба бастады.**

Қарапайым халықтың талап-тілегін ескеріп, қоғамдық көлікті нағыз керек ететін қала маңына қатынайтын бағыттардың санын көбейту, қоғамдық көліктің қолжетімділігін дамыту мақсатында Алматы қалалық Мобильділік басқармасы 2 қазаннан бастап №233 және №240 маршруттарды жолға шығарды.

Бұдан былай жолаушылар үшін №233 бағыттағы қоғамдық көлік «Қараой» ауылынан «Саяхат» автобекетіне дейін жүретін болады. Аталған бағыт бойынша қозғалыс аралығы 29 минутты құрайтын 8 автобус жоспарлы түрде жолаушы тасымалдайды.

Ал №240 бағыттағы автобус «Батыр» ауылынан «Әдем-1» сауда үйіне (Солтүстік айналым көшесі) дейін жүреді. Аталған бағыт бойынша қозғалыс аралығы 15 минутты құрайтын 10 автобус жолаушы тасымалдайтын болады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБЕАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
8 777 699 07 42 телефондары
арқылы хабарласыңыз

**Almaty
AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**



ҚЫСҚА ӘҢГІМЕЛЕР

ӨМІРДЕ САН ТҮРЛІ ТАҒДЫР БАР

Мен үшін ақша емес, жақсы адамдар құнды...

АНАМ

«Бала күнімде анама «менің әпкем не інім жоқ» деп жиі шағымданып, үйді басыма көтеріп жылай кететінмін. Кеш тұрмысқа шыққанын бетіне баса беруші едім. Ал жуырда маған дейін бір баласы және күйеуі болғанын, екеуінің де жол апатынан көз жұмғанын естіп қалдым. Одан соң менен кейін құрсағына біткен екі шаранасы да түсіп қалғанын, денсаулығына байланысты бір рет түсік жасатқанын білдім. Енді өзімді жек көріп отырмын, бір кездері анамның жан жарасын тырнап, ауыртқаным үшін. Ешқашан өткеніне шағымданбай, менің көңілімді аялай білген жанды қалай ренжіттім екен...».

ТЫЛСЫМ

«Мен үлкен әжемнің қалай қайтыс болғанын көрдім. Төсекке таңылып жатты. Тамағынан ас өтпейтін. Қан қысымы да түспей қойған. Бір күні ол орнынан тұрып, төсегін өзі жинай бастады. Әдемі киініп алды. Біз әбден таңқалдық. Бүкіл денесі сығылып қалған лимондай болған әжемнің бұл әрекетіне есіміз шығып кетті. Тіпті, тамақ істеп жүріп ән салды. Біздің: «Сіз жақсы болып қалдыңыз ба?», – деген сұрағымызға: «Әрине, өздеріңіз көріп тұрғандай, ас дайындап жатырмын. Мені анда күтіп отыр», – деді әжем. Әжем сол күні түнде ұйқысынан оянбай қалды...».

ҚАЙҒЫ

«Әкем бес жыл бұрын обыр дертінен көз жұмды. Анам теңіз жағасынан үй сатып алып, сонда тұруды шешті. Себебі, туған қаламыздағы әкем жүрген әр көше, әр бұрышы анама өткен күндерін еске түсіре беріп, қиналып кетті.

Енді барлық таныс, барлық дос-жаран кенеттен анам туралы ойлай қалыпты, теңіз жағасына, біздікіне келіп тұрғысы келетіндер қатары көбейіп кетті. Ал бір кездері біз қара жамылып, қайғыдан бас көтере алмай жатқанда, олардың бәрі қайда болған?...».

ЖІГІТТЕР

«Метрода. Соңымнан екі сымбатты жігіттің келе жатқанын байқадым. Біреуінің қолында гитара. Өздері көңілді. Олармен танысқым келіп кеткені. Бірақ қалай тілдесерімді білмей, кенеттен сүрініп кеткен түр көрсеткім келді. Сонда екеудің біреуі көмекке ұмтылар деген ойым

ғой. Нәтижесінде өтірік «құлап» бара жатып, қолымды шын сындырып алдым. Ал жігіттер көмек қолын созған да жоқ».

БАҒАЛЫ

«Мен жақсы табыс таба бастадым. Үнемі ақшалы жүретінімді байқаған достарым менен қарызға ақша ала бастады. Иә, қарыз сұрғандарға бере беремін, бірақ тым көп көлемде бермейтінмін. Сосын «бұл қаражатым пәтер алуға жинап жүрген ақшамнан еді, сондықтан асықпай, айдың аяғына таман берсең де болады» деймін. Бәрі қуана келісе кетеді. Бірақ көбі қарызын қайтармайды. Ондайлармен бірден байланысымды үземін. Ал алған ақшасын уақытында қайтарып, рахметін айтатын достарыма реті келген сәтінде сол ақшаға сыйлық алып сыйлаймын. Мен үшін ақша емес, жақсы адамдар құнды».

БАҚЫТ

«1993 жылы біздің әулетте 18 адам көз жұмған екен.

Олардың ішінде әкем мен кішкентай бөле қарындасым бар. Анам айтады, қабырғаны қайыстырған сол бір ауыр жылы менің өмірге келгенім ең үлкен жалғыз бақыт болып саналған екен. Әйтпесе, қайғыдан көз ашпай жүрген анамның сол жылы түсік тастауы да мүмкін еді...».

БЕЙТАНЫС

«Ғылыми жетекшіме «Әкемнің жүрек талмасы ұстап қалды. Айыпқа бұйырмаңыз, бүгінгі белгіленген кездесуге бара алмаймын» деп SMS-хабарлама жазып жібердім. Бір кезде менің нөмірден қателескенім туралы жауап келді. Шынымен де уайыммен жүріп жетекшімнің нөмірін дұрыс қарамаппын. Бірақ іле-шала әлгі нөмірден қоңырау түсті. Тұтқаның арғы жағынан «уайымға берілмеңіз, бәрі жақсы болады, мен сіздің екеңіз үшін дұғада боламын» деді бейтаныс адам. Арада болған осы бір қысқа ғана әңгімеден соң жүрегім тынышталғандай болды».

Аударған
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН!



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛ.